ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№ 33 (414)
19 тамыз, 2021 жыл

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

Әкіммен кездескіміз келеді 4

Еңбек ешуақытта далада қалмайды 5

Кез келген жүйесіз көші-қон елдегі тұтастық, қауіпсіздік, заңнама құндылықтарын аяққа таптауы ықтимал. Бұл келген көштің ықтиярымен өте ме, еркінен тыс бола ма, басқа мәселе. Себебі этностың өзге сипатты сіңіруі, бөлек қоғаммен біте қайнасуы баяу жүретін процесс. Әсіресе, арада тағы діни алшақтық болса...

Мұның бәрін не үшін айтып отырмын? Бүгінде басқаруы қиын миграциялық толқын әлемге жаңа әлеуметтік мәселе, экономикалық қиындық әкелуде. Еуропаның өзі оншақты жыл бұрын қабылдаған сириялық босқындардың әлегінен әлі бас көтере алмай отыр.

Тіпті кей белсендінің ғасырлық қалалар өркениеті мен жергілікті тұрғындардың өмір дағдысы сырттан келген халықтың мәдени экспансиясына ұшырады деген айғайы да естіледі. Енді, міне, оған Ауғаннан ауа көшкен жұрт қосылмақшы. Осының бәрі әлем елдерін босқынға үрке қарап, шекара қымтауға итермелеуде. Оның ішінде Қазақстан да бар.

БОСҚЫН

ДАУДЫҢ БАСЫ

АҚШ-тың өктем интервенциясымен біліктен кеткен тәліптер арада 20 жыл салып, қайта оралды. Өздерін ислам фундаментализміне нық бекідік деп сенетін содырлар өткен аптада бас имеген соңғы қала – Кабулға да кірді. Оқ шығындамай, кісі өлтірмей. Іле-шала Ауғанстан президенті Ашраф Ғани елден кетсе, НАТО мен АҚШ әскеріне болысқан жақтастар мен бейбіт тұрғындар шекара асуға ұмтылған. Автожол жабық, халық әуежайға ағылып, әскери ұшақтар ауы-мұрнына дейін толды. Тіпті үйқы-түйқысы шыққан халықтың шарасыздығын ұшақ деңгелегіне жабысқан әрекетінен-ақ аңғару қиын емес еді.

Саяси сарапшылар, тілшілер ерте ме, кеш пе жағдайдың мұндай қалыпқа өтерін күні бұрын болжаған-тұғын. Дегенмен тәліптердің небары екі аптаның ішінде билікті толық қолына алуын күтпегені анық. Босқындар жайынан хабар таратқан халықаралық ақпарат агенттіктері халықтың елден үдере көшуін ланкестердің жылдам әрекетіне телуде. Әзгелер бейнебайланыс арқылы мәлімет алса, от пен оқтың ортасында жүрген CNN арнасының тілшісі Кларисса Уорд Кабул көшелерін еркін кезіп, тәліптерден тікелей сұхбат алыпты.

«Ауғанстандағы босқындар дағдарысы тәліптер елді басып алған сәтте күрт өсті. БҰҰ-ның мәліметінше, жыл басынан бері жарты миллионға жуық ауған халқы қарулы қақтығыс салдарынан өз үйін тастауға мәжбүр болған. Енді содырлар толық билік жүргізген сәтте тағы он мыңдаған тұрғын қашуға тырысуда. Олардың басым бөлігі әйелдер мен балалар», – деді тілші.

Ал, BBC арнасының журналисі Эшли Джон-Батист болса, Уганда елінен ауған босқындары туралы хабар таратты. Анығарғанымыз, мұнда 2 000-ға жуық ауған босқындарына арнайы лагерь құрылып, көмек көрсетуге әзірлік жүруде екен. Конго, Судан мемлекеттері де босқын қабылдауға дайындықты бастаған.

«АҚШ билігінің қолдауымен Угандада алғашқы 500 ауған босқыны келді. Босқындар саны әлі де артады. Мұнда барлық жағдай жасалған әлі мамандар тарапынан тәжірибе де жеткілікті. Қазірдің өзінде мұнда өзге елдерден келген 1,3 миллион босқын бар», – деді Эшли Джон-Батист.

«АРҚА ЖАЙЛЫ БОЛСА, АРҚАР АУЫП НЕСІ БАР?»

Бір қызығы, бас сауғалаған босқындардың Африка материгіне барғысы жоқ. Мұнда да саяси ахуал мен экономикалық әлеует қалт-күлт етіп тұрғасын көбінің «оттан шығып, шоққа түскендей» күй кешкісі келмейді. Тіпті жақын саналатын Иран мен Пәкістанда да шекесі шылқымасын білді ме, бәрінің аңсары – Еуропа, болмағанда Түркия. Алайда осынша миграциялық толқынға рұқсат бере қоятын Еуроодақ қайда?! Тап осы күні одаққа муше 28 мемлекет онсыз да Таяу Шығыс пен Африка елдерінен келген келімсектердің көбейгенін айтып, қызылкеңірдек болып отыр.

2015 жылы Сириядан келген босқындарға құшақ ашқан Германия келер толқынды қабылдауды мойнына алуға асығар емес. Өткен айда ауған босқындарына қатысты баспасөз конференциясында Ангела Меркель: «Германия мен Австрия ЕО үшін Ауғанстан мәселесін жалғыз шешуі мүмкін емес» дегені бар. Ал Түркия болса, ауған босқындарына қатысты мәселені жіті бақылайтынын айтқан. Өткен айда Иран арқылы Түркияға өтпек болған 27 мың халық шекарада ұсталған болатын. Жақында Эрдоған да Ангела Меркельдің жауабымен сабақтас үндеу жасап, ЕО-ға қарсылық көрсетіп бағуда. Литва, Беларусьтың жайы екібастан белгілі.

Сондықтан босқындарды бір құтқарса, уәдесі кеткен АҚШ немесе Ұлыбритания жәрдемдесуі мүмкін. Апта басында «The Guardian» басылымы Борис Джонсонның 20 мың ауған босқынына пана беретінін жариялады.

«Ауғанстандағы батыс коалициясына көмектескен 20 мыңға жуық азамат Ұлыбританияға қоныстанатын болады. Үкімет аудармашы, жол көрсетуші секілді қызметті атқарған ауған азаматтарының тізімін жасады. Алайда тәліптердің аяқастын астанаға басып кіруі жағдайды қиындатты. Себебі тізімге енген халықтың көп бөлігі содырлардан қорқып, Пәкістан жеріне өтіп кеткен. Борис Джонсон 20 жылда НАТО әскеріне көмектескен халыққа басын иіп, құрмет көрсететінін жеткізді» деген мақалада.

Джо Байден де жәрдемдесуге уәде берген аудармашыларды АҚШ-қа алдыруға әзір. Тіпті Президент Ауғанстан азаматтарына арнайы иммиграциялық виза (SIV) беруді жеңілдету мақсатында 500 миллион доллар бөлді. Алайда бұл жұмыстардың қашан аяқталатыны, тасымалдаудың нақты уақыты айтылмауда. Сондықтан бұл да бұлыңғыр амалға айналғандай.

Осы аралықта сәл шегініс жасап, ащы да болса бір шындықтың бетін ашу керек секілді. Расында, адам ресурсы – мемлекетке қажетті артықшылық. Дегенмен мәселе босқындардың сапасында, яғни білім деңгейі, кәсіби білік қабілетінде болып отыр. Әрине, мұндай «сапа өлшемін» адамзатқа қолдану қаншалықты орынды екені белгісіз, алайда көп мемлекеттің босқындарды қабылдау, тұрақты қоныстандыруға аяқ тартуына себеп болған осы жай. Әрбір босқынды қоғамға бейімдеу, қайта білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық заң талаптарын түсіндіру секілді жұмыстар артық шығын мен уақыт талап етеді. Сондай-ақ халық саны аз мемлекетке сырттан келген келімсек қатарының көбеюі тұрақсыздыққа бастауы ықтимал. АҚШ-тың Орталық Азия елдеріне «босқындарға болысындар» деген үндеуінің бір ұшы күрмеулі қалуының мәні де осыған саяды.

КӨШ ҚҰЛАСА...

Ауған ахуалы көтерілген сәтте Қазақстан да аландай бастады. Орталық Азияға ықпалы, іштері «жасырын-ашық» діни топтарға қаншалықты әсер етеді деген сынайдағы сауалдар қылап берген. Көп ұзамай, босқындар туралы сөз қозғалғанда әлеуметтік желіде «Қазақстанға Ауғанстаннан босқындар келеді» деген қауесет тарай бастады. Кейбірі «Шымкент қаласы мен Оңтүстіктегі облыстарда лагерьлер құрылады» деген болжам да айтып үлгеріпті. Дегенмен Ақорда мен Сыртқы істер министрлігі ақпаратты жоққа шығарып, Мемлекет басшысының мұндай нұсқау бермегенін айтқан болатын.

Орайы келгенде «Ауған босқындарының қазақ жеріне келуі қаншалықты мүмкін?», «Олардың тұрақты қоныстануына біздің орта қолайлы ма?», «Қазақ қоғамына қандай әсері болуы ықтимал?» деген сауалдарға жауап іздеп көрелік.

Жалпы қазақта пана сұрап, еріксіз елінен көшкен ұлттарға қамқор көңіл бұрынған бар. Қиыр Шығыстан қоныс аударған көріс пен «Чечевица» операциясының, құрбанына айналған шешеннингуш халқының өзі жылдар бойы қазақпен бірге жасап келеді. Ұстыңын көрді, суығын сезінді. Бүгінде көп айтатын, «түрі басқа, тілегі бір» этноса айналды. Сондықтан дін мен дәстүр жұықтас ауғанның елге үйреніспеуі мүмкін емес секілді. Тек бір кедергі – тіл мен климат.

Ауғанстандағы басым этнос екілдері өзбек, тәжік, түркімен болғандықтан, қарапайым халық қоныс аударуға құтты мекенді сол жақтан іздері анық. Оның үстіне іргелес ұлттар ғасырлар бойы бір-бірінің мәдениетін, болмысын таныған, қысылмай күн кешуге мүмкіндігі бар. Бұл болжам қазір де жүзеге асып жатқан секілді. Мәселен, Ауғанстан билігі толық тәліптерге өткенде солтүстіктегі халықтың басым бөлігі өзбек текті генерал Абдул-Рашид Дустуммен бірге Өзбекстан асқан. Ал Тәжікстанда пана сұрап келген қандастар мен босқындарды шекара маңындағы ауылға қоныстандырыпты. Сол себепті бұқараның еркінде болса, қазақ жеріне боспай, жақындағы Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Пәкістан секілді елдерге баруға пейілді болатыны белгілі.

Егер қауесет шынға айналып, Қазақстанға босқын келгеннің өзінде, тек үшінші елге виза алу мақсатында уақытша тұрақтауы мүмкін. Әлгі АҚШ-тың қорған болар визасын иеленуге ниетті аудармашы, жол көрсетуші секілді сануалы құпия қызметкерлер. Себебі біздің климат Конго, Уганда секілді он мыңдаған халықты уақытша лагерьге паналатуға қолайлы деп айта алмас едік. Сәл шыдаса, күз жақын. Мұндағы ауа райы да күрке тігіп күнелтетін емес. Аязы қарып, суығы өңменіннен өтеді. Сондықтан мыңдаған босқынды қоныстандыру аса бір оңтайлы шешім болмасы анық.

***P.S.** Міне, осындай ерекшелік істің ендігі бағытын бағамдауға, аз да болса жалған ақпар мен мәліметтің жетегіне ермеуге сеп болар. Оған қоса мұндай маңызды қадам халық талқысынсыз, қарадүрсін қабылданатын шешім емесі белгілі. Ал Ауғанстанның ертеңі туралы соңғы сөз жаңа үкіметті халықаралық ұйымдар мен мемлекеттердің мойындауына тікелей тәуелді.*

Берен ШАҒЫРОВ

ТОЙҒА ТЫЙЫМ БОЛМАЙ ТҰР

Гүлбану МАҚАЖАН

2020 жылдан бері коронавирус инфекциясымен Қызылорда облысында 13 676 науқас тіркелген. Дүйсенбі күні инфекциямен Қызылордада – 107, Арал ауданында – 3, Қармақшыда – 3, Жалағашта – 2, Сырдарияда – 8, Шиеліде – 19, Жаңақорғанда – 6 жағдай тіркелген. Қазақстан өңірлеріндегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша осы аптада да «Қызыл аймақта» қалдық.

«Былтыр осы кезеңде облысымызда коронавирус инфекциясынан өлім-жітім саны көп болғаны белгілі. Биыл осы қайтыс болған адамдардың жылдық асы өткізілуде және тойлар кеңінен өткізіліп жатқаны туралы мәліметтер түсуде. Қолда бар ақпарат бойынша, Қызылорда қаласында орналасқан «Арнау палас», «Бақ-Сарай» мейрамханаларында отбасылық шаралар өткізілген. Дегенмен бұл шаралар мониторингтік топтардың назарынан тыс қалған. Бүгінгі таңда Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктері жанынан құрылған мониторингтік топтардың жұмысы өз нәтижесін бермеуде». Бұл облыс әкімі Гүлшара Әбдікалықованың коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеуге бағытталған жедел штаб отырысында айтқан сөзі. Содан бері екі апта өтті. Аймақта той, отбасылық жиындарға тыйым болды ма? Мониторингтік топтар сыннан қандай қорытынды шығарды? «Қызыл аймақтан» шыға алмай жүргенімізге тәртіпті талап ете алмауымыз себеп болып жатқан жоқ па? Саралап көрейік.

6

ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ БЕСІК

Тасбөгет кентінде жүз жыл сақталған бесік бар деген жаңалық бізге де жеткеннен кейін, құнды жәдігерді көруге асықтық. Үй иесі Ахметжан Аманов бізге ата-бабасынан қалған, осы уақытқа дейін қаншама сәби тербелген бесікті көрсетті. Ұсыныс болса, мұражайға тапсыратынын да жасырмады.

Мөлдір САБЫРЖАН

– Әжем ырымдап, бұл бесікті тығып қойып жүрді. Бастапқыда көрші-көлем сұрап алып кететін. Сосын сәби сүйе алмаған отбасылар келіп, ырымдап жүретін. Әкемнің өзі 1925 жылы дүниеге келген. Байқасам, бесікті әулетімізден төрт ұрпақ пайдаланған. Қазақта бесік әкелу ырымы бар ғой, келіннің төркіні, яғни ата-анасы бесік алып келеді. "Атасының бесігіне жатады" деп жоғарыдан түсіріп, бір жұмадан кейін қайта орап, алып қоямыз. Артынан ерер ұрпақ көп болсын дейміз. Шүкір, Алла берерін тоқтатқан емес. Еш жері сынбасын, бүлінбесін деп сақтап келемін. Аты-жөнімізді жазып, музейге тапсыруға қарсылығымыз жоқ. Ел көрсін, қарасын, бесіктің құндылығын білсін, – дейді Ахметжан Аманов.

Қазақ үшін бесіктен киелі, бесіктен құнды нәрсе жоқ. Бесіктің біз үшін қасиеті ерекше. Тіпті бесікті ашық қалдырмай, қастерлеп жүретініміз де содан. Ата-бабамыз ас қайырғанда айтатын "бесігің тарылмасын, бесігің тербелсін" деген сөздің де өзіндік мағынасы бар.

– Бұл бесік ұрпақтан-ұрпаққа сақталып келе жатыр. Аталарымыз келіндері бала көтере алмаған соң арнайы жасаған екен. Осы бесіктен соң ұрпақтары кеңейіп, егізден босанып, бізге жетті. Жолдасымның әкесінің өзі осы бесікте жатқан екен. Содан бері қарай есептесек, 107 жыл болған. Енем: "Сенің күйеуің жатқан бесік" деп айтып отыратын. Ерекше ықылас танытып, сақтап отырмыз. Көріп тұрғандарыңыздай, сырлап қойдық. Үлкіздарым тербелген бесік қой. Соның арқасы ма, әлде тылсым күш пе, ата-бабамыздың бізге берген батасы болар, өсіп-өніп, ұрпақ тәрбиелеп отырған отбасымыз десек артық болмайды. Көрінетіндерімізді бағып, бесік тербетіп, әже болған жайымыз бар, – дейді Бибігүл Маратова.

Биыл Ахметжан Аманов пен Бибігүл Маратованың отасқандарына – 32 жыл. Бүгінде 3 ұл, 4 немересі бар. 2017 жылы "Мерейлі отбасы" байқауында "Өнегелі отбасы" номинациясымен марапатталған.

АҒА ЛЕЙТЕНАНТ АСЫЛХАН

Таңмен таласа Қызылорда қалалық полиция басқармасына жеттік. Полиция қызметкерінің киімін кидік. Қаз-қатар тізілдік. Саптық жиын басталды. Жергілікті полиция қызметінің бөлім бастығының орынбасары Нұрлыбек Қордабаев сап түзеген полицейлерді бір тексеріп шықты. Қызметтік формамен құжаттарымызды түгендеді. Әрбір учаскелік полиция инспекторына белгіленген аймақ бойынша орын алған жайттар мен алдағы атқарылатын жұмыстарды пысықтады. «Сап, түзел! Тік тұр! Халықпен ізгі қарым-қатынаста болып, қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуды бұйырамын!» деді полиция подполковниг Нұрлыбек Құрбанәлиұлы.

Қызылорда қалалық полиция басқармасы басшысының орынбасары Азамат Оспанов «Жұртқа жақын полиция» қағидасы бойынша учаскелік инспекторлардың жұмысын реформалауды мақсат еткенін айтады. «Учаскелік полиция инспекторларының басты мақсаты әкімшілік аумақтағы тұрғындармен таныс болу, сұхбат жүргізу, сол арқылы қылмыстың алдын алу. Елдің тыныштығын қамтамасыз етіп, тәртіпті қадағалайтын учаскелік инспекторлардың жұмысы жауаптылықты талап етеді. Басқармаға қарасты 15 полиция бөлімшесінде 96 тәртіп сақшысы қызмет істеп жүр», – дейді Азамат Айдуллаұлы.

Бізге белгіленген аймақ – №9 учаскелік полиция пункті. Аумақ тұрғындарының тәртібіне жауапты бес полиция инспекторы бекітілген. Солардың бірі – полиция аға лейтенанты АсылханЕмбергенов. Асылхан – Болашақ университетінің түлегі. Мамандығы – заңгер. Отбасылы. Үш бала тәрбиелеп отыр. Өз ісіне мығым тәртіп сақшысымен бірге жұмысқа кіріскіне.

«Шұғыла» мөлтек ауданында қала халқының дені шоғырланған. Аудан тыныш десек те, кебіне отбасылық жанжалдарға, ұрлық, бала жоғалтып алу, жастардың топпен жиналуы секілді жағдайларда шақырту түседі екен. «Жыл басынан бері 22 қылмыс тіркелді. Оның 13-і ашылды. Ішімдік ішіп, отбасының берекесін алу, велосипед ұрлығы, жастардың көліктен бір-бірін қуалап, қару қолдану оқиғалары орын алды. Бұзақылар біз жеткенше көліктерін жасырып үлгерген. Қалалық полиция басқармасының тергеу бөлімі істі тергеп жатыр. Ауладан ойнап жүрген баласын жоғалтып алатындар да бар. Мұндай 8 оқиға тіркелді. Адасқан балақайларды сол тәулікте тауып, ата-анасына жеткіздік. Көбіне шағын сыраханалардан қоғамдық тәртіп бұзған маскүнемдер туралы хабар келеді. Карантин талаптарын сақтамаған кәсіп иелеріне де ескерту береміз. Әрбір оқиға

орнына жедел жетуге асығамыз. Мақсатымыз – қылмыстың алдын алу», – дейді Асылхан Еркінұлы.

Асылханмен бірге тұрғын үйлерді араладық. Биғайша Қалекова – «Шұғыла» мөлтек ауданы №29 үйдің тұрғыны. Жиырма бес жылдан бері осы ауданда тұратын Биғайша бізді көріп, «тыныштық па» деп сұрады. Жеңімізді айтып, жағдай сұрадық, «Пәтер жалдап тұратындар шаршатты. Тәртіп бұзатын солар. Түнде ұйқы бермейді. Ішіп алып қиқуласып, төбелеседі. Түнгі мезгілде жиі аралап тұрыңыздар. Сіздерді шақырып тұрмасақ, бұзақылар басынып кетеді», – дейді тұрғын.

№45 үй тұрғыны Б есімді азаматша масқұнем ұлының арағымен алысып шаршаған. Ішіп келіп отбасының шырқын бұзатын азаматтың анасынан тағы шақырту түсті. Оқиға орнына жедел жеттік. Анасы қамқорлыққа мұқтаждығын айтып, арыз жазды. Ұлына қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын ескерттік. Тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында біріктірілген деректер базасына тіркеуге алынды. Бір ай полиция бақылауына алынды. Қайта тәртіп бұзушылық жасаса, анасы туған ұлын қаматып тастауға мәжбүр.

Мұнан соң мөлтек ауданды аралап, тұрғындарға құқықтық ағарту жұмыстарын жүргіздік. Людмила Каргабаева да – 48 жылдан бері осы мөлтек ауданның тұрғыны. Жетпіс екі жастағы қария учаскелік полиция инспекторларын жақсы таниды екен. Тіпті есімдерін де жаттап алыпты. «Аула тыныш. Бірақ тазалығы мәз болмай тұр. Себебі көбі уақытша қоныстанған тұрғындар. Жаны ашымайды. Кейде ішімдік ішкен бұзақылар түнімен шулап жүреді. Мазамызды алып, ұйықтатпайды. Дереу полиция шақыртып, таратып жіберемін», – дейді батыл әжей.

Ұзақ уақыт №235 мектепте директор болып, зейнет жасына шыққан Күнжамал Жүсіпова – бүгінде 78 жаста. Ардагер науқас ұлымен бірге тұрады. Алайда қырыққа таяған ұлы анасына қорған бола алмай отыр. Жалғыз басты қарт анаға туыстарының студент қыздары келіп қарайласып тұрады екен. Күнжамал әжей бізді көріп қуанып кетті. Учаскілік полиция инспекторы АсылханЕмбергеновке: «Ұлым-ау амансың ба, отбасың аман ба?», – деп мәндайынан сүйді. Жалғыз тұрған соң түрлі жайтқа тап болатын қария әркез полиция инспекторларының көмегіне жүгінеді. Әсіресе Асылхан туған ұлындай, қамқорлық танытады. «Беймезгіл уақытта қарияның есігін қағып мазалайтындар да бар. Оның үстіне ұлы да наркологияда және жүйке аурулар ауруханасында есепте тұрады. Қағажу көрмесін деп жиі хабарласып, жағдайын сұрап тұрамыз», – дейді Асылхан.

Бір күн бойы учаскелік полицей АсылханЕмбергеновпен бірге бірнеше шақыртуларға барып, халыққа құқықтық ағарту жұмыстарын жүргіздік. Жұмыс барысында Асылхан өзінің қарапайым қалпымен көзге түсті. Әрбір тұрғынды жақын адамындай қабылдап, көмек қолын созды. Құқықтық тәртіпті түсіндіріп, жәбірленушілерге жанашырлық танытты. Тәртіп бұзғандарға қатал. Заң аясында шара көріп, жедел шешім қабылдай біледі. Сыр тәртіп сақшыларының қатарында осындай білімді, адамгершілігі мол жастардың еңбек етіп жүргеніне қуандық.

P.S. ***Бізді формада көрген таныстар мамандығынды ауыстырдың ба деп таңданыс білдірді. Адам өзі сүйіп қалаған мамандығын оңайлықпен ауыстыра қоймас. Бұл тек Қызылорда облыстық полиция департаменті Қызылорда қалалық полиция басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Полицейдің бір күні... пагондағы журналист» атты іс-шара болатын. Мақсаты – полиция қызметкерлерінің оң имиджін қалыптастыру. «Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек» депті жазушы Мұхтар Әуезов. Жазушы айтқан бұл қасиеттердің бәрі кейіпкеріміздің бойынан табылатынын байқадық. Осылайша біз өз мамандығын сүйетін, жұмысын бар ынтасымен істейтін жиырма тоғыз жастағы замандасымыз Асылханның жұмысымен танысып қайттық. Алты жылдан бері бір орында табан аудармай жемісті еңбек етіп жүрген Асылханның арманы – халыққа қалтқысыз қызмет етіп, генерал болу. Біз замандасымызға сәттілік тілеп тарастық.***

Гүлбану МАҚАЖАН

БІЛІМДІЛЕР АКАДЕМИЯСЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Қызылорда қаласындағы «Білім-инновация» мектеп-лицейінде «Сыр дарыны» білімділер академиясының жаңа маусымының ашылу салтанаты онлайн форматта өтті.

«Zoom» платформасы арқылы ашылу салтанатына қатысқан облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова бұл академия білім бәсекесінде өңіріміздің абыройын асқақтататын дарынды балаларды даярлайтын ұстаханаға айналатынына сенім білдірді.

«Академия құрамына енген дарынды оқушыларға алдағы білім бәсекесінде бик белестерді бағындыруды тілеймін. Зияткерлік жарыстарда көшбасшылық орынға ие болуы үшін біз барлық жағдайды жасауды жалғастырамыз», – деді Ақзира Бақтыбайқызы.

Айта кетейік, академияның мақсаты – бастауыштан бастап, жоғарғы сыныпқа дейін түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен конкурстарға дарынды оқушылардың белсенді қатысуын арттыру, жоғары нәтиже көрсетуге жұмыс жасау. Білімділер академиясының жұмысы физика, химия, математика, информатика, биология пәндері бойынша оқыту курстарын басталды.

Академия құрамына облыс бойынша 100 оқушы түрлі білім сынақтары арқылы іріктеуден өткізіліп, таңдалған. Сонымен қатар 16-21 тамыз аралығында өтетін оқыту курстарына белсенді қатысқан оқушылар апта соңында марапатталады.

САЯХАТТАУҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбіткүл Көрімова «Вакцина алып, ұтысқа қол жеткіз» лотореясының жеңімпаздарына жолдама табыстады.

Еліміздегі коронавирус инфекциясының күрт өсуіне байланысты ұжымдық иммунитетті қалыптастыру, эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру, денсаулықты нығайту мақсатында 30 шілде күні Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Вакцина алып, ұтысқа қол жеткіз» атты лотерея ұйымдастырылған болатын. Аталған акцияға вакцина алған білім ордасының қызметкерлері мен студенттері белсене қатысты. Жеңімпаздар университеттің әлеуметтік желілердегі ресми парақшасында лото жәшігі арқылы кездейсоқ тәсілмен анықталды.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай Нұр-Сұлтан қаласына арналған жолдамаға 30 студент ие болды. Сондай-ақ 30 студент жазғы тыныңғы лагеріне жіберілді. Сонымен қатар саламатты өмір салтын қалыптастыру үшін қызметкерлер мен студенттерге фитнес залға 30 тегін абонемент, «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешенінің бассейнінде 30 тегін абонемент берілді. Бұдан бөлек, 30 студент бір оқу жылына жатақханаға тұруға 50% жеңілдік алды.

«Пандемиядан тез құтылу үшін вакцина салу жұмыстарын күшейту керек. Ұжымдық иммунитет қалыптасқанда ғана аурудың таралуына мүмкіндігінше жол берілмейді және әріптестер арасында бір-біріне жұқтыру азаяды. Мамандардың пікірінше, вакцина салдыру – аурудың алдын алудың ең сенімді әрі барынша тиімді шарасы, вакцина емдемейді, қорғайды», – деді университет ректоры.

Айта кетейік, 2021-2022 оқу жылы дәстүрлі оқу форматына көшу жоспарлануда. Осыған сәйкес, қазіргі таңда оқу ордасының қызметкерлерінің 94%, білім алушылардың 70% екпе салдырған.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАП ЖАРЫС!

Облыстық жастар ресурстық орталығының әлеуметтік дүкеніне қор толықтыру мақсатында қала тұрғындарынан адресті түрде киімдер, тұрмыстық техникалар, жиыздар жинақталды. Қайырымдылықты мақсат өткен игі істің жүзеге асырылуына қала тұрғындары да белсенді атсалысуда.

Жиналған аяқ киім, киім-кешек әлеуметтік статусы бар жанұяларға жәрдем болмақ. Мұнда заттарды әкелген жұртшылықтан да, алған тұрғындардан да ақы сұралмайды. Барі тегін. Заттардың көбі бұрын пайдаланылған. Дегенмен, орталық мамандарының арнайы сұрыптауынан өткізіледі.

Дүкенде киім-кешектен бөлек, тұрмыстық техника мен жиыз да бар. Оның ішінен мұқтаж жандар өз қажеттіліктеріне қарай таңдап алады.

Еске сала кетсек, облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен көшпелі әлеуметтік жәрмеңке "Баламекен" елді мекенінде және Сабалақ,"Ягодка" саяжайларында өткізілді.

БАЛЫҚ АУЛАДЫ

12 тамыз – Халықаралық жастар күніне орай облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жұмысшы жастар арасында балық аулаудан сайыс өтті.

Сайысқа сан саладағы қызметте еңбек етіп жүрген азаматтар қолына қармақ алып, белсенділік танытты.

Жарыс соңында қармақа іліккен балықтың салмағы мен өлшеміне қарай қазылар алқасы жүлделі орындарды белгіледі. Сайыстың қорытындысы бойынша қарсыластарына қарағанда қысқа уақыттың ішінде үш келі балық аулап үлгерген №261 орта мектептің мұғалімі Қуаныш Оспанов жеңімпаз атанып, бірінші I орынға ие болды. Ал "Абзал және К" компаниясының қызметкері Бағдат Пірманов бір жарым келі балық аулап II орынға ілікті. Сайыстың ең жас қатысушысы, жеке кәсіпкер Талап Сисенбаев бір келіден аса балық аулап, III орынды қанағат тұтты.

Сайысқа қатысқан барлық қатысушылар назардан тыс қалмай, алғыс хатпен марапатталса, жеңімпаздарға диплом табысталды.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАС АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

"Сыр дарыны" жастар шығармашылық байқауының аясында республикалық жас ақындар айтысы өтті.

Онда "Айтыс" бағыты бойынша байқаудың облыстық кезеңіне жолдама алған қатысушылар Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Атырау облыстарының жас айтыскер-ақындарымен сайысқа түсіп, тәжірибе алмасты. Байқау қорытындысы бойынша "Айтыс" бағытының үздігі Арал ауданының жас айтыскер-ақыны Бексұлтан Орынбасаров атанды. Ал II орынды сырдариялық Нұрахмет Мансұров иеленді. Байқаудың III орын жүлделері қызылордалық Біржан Сандыбай мен қазалылық Бекзат Серіковке бұйырды.

ТАНЫМДЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

Облыстық жастар ресурстық орталығында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында "Сыр өңірі жастарының шығармашылығындағы Ұлттық мұрат" атты қызылордалық жас әдебиетшілердің танымдық конференциясы (онлайн) өтті.

Конференцияда ақын, филология ғылымдарының кандидаты Шанжархан Бекмағамбетов, әдебиеттанушы-ғалым, Қорқыт Ата атындағы ҚУ доценті, филология ғылымдарының кандидаты Айман Айтбаева, ҚР Білім беру ісінің үздігі, №176 орта мектептің директоры Қадыргүл Шаймағанбетова, айтыскер ақын, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Мұхтар Ниязов, ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Толқын Қабылша және журналист, "Сыр Медиа" ЖШС бас директорының орынбасары Дәурен Сейітжанұлы өңірдегі жас әдебиетшілердің қарым-қабілеттері мен мүмкіндіктеріне, жетістіктері мен шығармашылығындағы ерекшеліктерге қатысты мазмұнды баяндама жасады. Сондай-ақ конференцияда мектептерде әдебиет пен өнерге құштар оқушылардың қатарын көбейту, әдеби білімі толысқан педагогтарды дайындау идеялары, жас шығармашыл жастарды қолдау және оларды насихаттауға қатысты мамандар ұсыныстары ортаға салынды.

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Жастар – елдің болашағы. Олардың жетістіктерін баспасөз беттерінен оқып, телеарна жаңалықтарынан естігенде қуанып қаласың. Ел арасынан талай таланттар мемлекеттің болашағы үшін еңбек етуде. Жастардың қай салада болсын үздік атануы халыққа мақтаныш сезімін сыйлап, келешекке деген сенімді нығайтады. Осы сәтте Мағжан Жұмабаевтың "Мен жастарға сенемін' өлеңіндегі мына жолдар еріксіз ойға келеді:

Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға.
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін.

Сондықтан туған өлкеде өз ісінің мықты маманы болып, абыроймен қызмет атқарып жүрген жастарға халық тек жақсылық тілейді.

Гүлмира ПІРІМЖАНОВА

ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ ТҮСІНІГІ

12 тамыз – Халықаралық жастар күні мерекесіне орай Қызылорда облысының Дін істері басқармасының Дін мәселесін зерттеу орталығы аймақтың белсенді жастарымен кездесті.

Онлайн форматта өткен жиында орталықтың бөлім басшысы Жеңісбек Анафиғаулы жастар санасындағы зайырлы мемлекет түсінігі, ондағы дін мен мемлекет қатынасы турасында «Зайырлы мемлекет түсінігі» тақырыбында баяндама оқыды. Сонымен қатар орталықтың теолог маманы Асхат Ерубай «Ұлттық құндылықтар жастар көзқарасымен» тақырыбында түсінік беріп, өзгенің қаңсығын өзіне таңсық қылғандар мен ұлттық құндылықтарды ұлықтаған жастардың айырмашылығы, салт пен сананың жастар арасында кемелденуі тұрғысында ой белісті.

Жиын соңында қоғамдағы өзекті проблемалар, оның ішінде жастар арасындағы ажырасудың көбеюі, ата-ана мен бала арасындағы ой бірлігінің төмендеуі, суицид секілді тақырыптар талқыланды.

Бетті дайындаған: Мөлдір САБЫРЖАН

Мен өмірімде алғаш рет сотталушылармен бетпе-бет кездестім. Олардың кезқарасынан өмірге деген ұмтылысты аңғару қиын емес екен. “Қылмыскер” деген сөздің өзі олардың жанын жегідей жейді ғой. Ал мекеме қызметкерлерінің “абайлаңыз, жақындамаңыз” деген сөздері олардың қабағына кірбін түсіреді. Жанарларынан мұңды, ата-анасына, отбасына деген сағынышты көру мүлде қиындық тудырмайды. Хош делік, түрмеге не үшін барды деген ойда шығарсыз. Тарқатып айтайық, Қызылорда облыстық қылмыстық атқару жүйесі департаментінің ЗК-169/5 мекемесіндегі жазасын өтеушілер бүгінде жұмыспен қамтылған. Олардың қолынан шыққан өнім үлкен сұраныққа ие. Ою-өрнекпен тіккен көрпешелердің өзі үлкен еңбекті қажет етеді. Ал ағаштан жасалған кеме, нарды және шахмат өрнектелініп, сапалы жасалғаны көрініп тұр.

ЖАЗАСЫН ӨТЕУШІЛЕРДІҢ ӨНІМІ СҰРАНЫСҚА ИЕ

Ақтөбелік Мырза есімді жігіт – жазасын өтеп жүргендердің бірі. Бүгінде ол қыш жасайтын цехта жұмыс істейді.

Мырза Мәженов, жазасын өтеуші:

– 13 жылға бас бостандығымнан айырылдым. Бүгінде жазамды өтеп жатқаныма 9 жыл. Алла амандығын берсе, 3 жылдан кейін ата-анамның қауышамын. Өндіріс аймағында жұмыс жасағаныма екі жарым жыл болды. Айлығымды ай сайын алып отырмын. Жартысын ата-анама салып жіберемін.

Бұл цех 2014 жылдан бері жұмыс істейді. Бүгінде 11 адамды жұмыспен қамтуда. Айтуларынша, жалақы уақытылы беріледі. Тапсырыс әр қаладан, жарнама арқылы жүргізіледі.

Қолөнерге бейімделген сотталушыларда бар. Олар уақыттың көп бөлігін тігін шеберханасында өткізеді.

Бибайша Юсупова, кәсіпкер:

– Кәсібімді 2016 жылдан бастадым. ЗК-169/5 мекемесіне сәуір айында келдім. Бүгінде үш сотталушы жұмыс істеп жатыр. Бұл жаққа келгендегі мақсатым – өмірде аяғын шалыс басқан адамға қолғабыс ету, оларды өмірге бейімдеуге көмегімді тигізу, жақсы нәрсеге, алға ұмтылуға мотивация беру. Уақытылы тапсырысты орындап отыр. Үш жігіт те жұмысты жақсы істейді. Бар ынтасымен беріліп, тиянақтылық танытады. Қызылорда, Ақтау, Атырау қалаларынан тапсырыс көп түседі.

Сотталушылар жыл сайын диплом алып, алған дипломына байланысты жеке кәсіпкерлермен жұмыс істеп жатыр. Бүгінде 13 кәсіпкермен түзеу мекемесінде келісім-шарт, сотталғандарды жұмыспен қамтып отырмыз. Газоблок, ағаш өңдеу, темірмен дәнекерлеу цехтарында, пластик терезе, тігін тігу жұмыстарын жасауда. Келісім-шартта көрсетілген жалақысын алады. Ең төменгі жалақы 42500 теңге.

Бұдан кейін ағаш өнімдерін жасайтын цехтың жұмысымен таныстық. Жазасын өтеушілер көптеген буйымдарды жасап үлгерген. Айтуларынша, бұл жақта да тапсырыс көп. Тіпті нардының ішіне тапсырыс берушінің сұранысына қарай суреттер салынады. Сапалы өнімнің сұранысы жоғары екенін сол сәтте-ақ ұқтық.

Хәкімбай Базарбаев, жазасын өтеуші:

– Бұл кеме кішкентай, арасында үлкендері болады: 1 метр 80 сантиметр. Қандай тапсырыс болады, соған сай өндірісте жасаймыз. Нарды да сондай. Ішіне сурет салып болмаса шахматты қылып жасап береміз.

Мекемеге оқу орындарының арнайы мамандары келіп, мамандықтар бойынша теория және практика жүзінде оқытады. Олар бір жылдың ішінде мамандықты игеріп шығады. Әр оқу орнында 25 адамнан, қазіргі таңда 70-75 сотталушы білім алуда. Биыл екі мамандық бойынша 50 сотталушы білім алады деп күтілуде.

Шаймерден Есенкелдиев, Қызылорда облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментінің басшысы:

– Сотталған азаматтардың 70 пайызы жұмыспен қамтылған. ЗК-169/5 мекемесінде жаза мерзімін өтеушілер жылда кәсіптік колледждердің димпомын алуда. Қазіргі таңда үш мамандық бойынша оқып жатыр. Сотты болғандар 1 жыл оқып, тігінші, дәнекерлеуші, ағаш ұстасы, автокөлік жөндеуші сияқты өзі қалаған мамандықты меңгеріп шығады. Аталмыш мекемеде 400 азамат жұмыспен қамтылған. Жазасын өтеушілер бостандыққа шыққан соң қылмыс жасамау, қоғамнан орнын табу үшін біраз шара атқарылуда. Негізгі міндетімізі – сотталған азаматтардың келешекте қоғамға қайта оралуы. Қолынан келетін іс бойынша отбасын асырап, ата-анасына, елге пайдасын тигізеді деген ойдамыз.

Айта кетейік, Қызылордада жазасын өтеушілердің 70 пайызы жұмыспен қамтылған. Қылмыстық атқару жүйесі департаментінің мәлімдеуінше 37 кәсіпкер абақтыдан өз цехын ашып, сотталушыларды еңбекке тартуда.

Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА

Ербол БЕКІШ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Практикалық ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі:

УАҚЫТ ПЕН ҚАРЖЫ ШЫҒЫНДАМАЙ-АҚ ТІЛ ҮЙРЕНУГЕ БОЛАДЫ

– Ербол Тнейбекұлы, әңгімемізді университеттегі студенттердің тіл үйрену бағытынан бастасақ. Қазіргі жағдай білім саласын онлайн жүйеге бейімдеді. Осы орайда қандай өзгерістер болды, нәтиже қандай? Студенттердің тіл үйрену деңгейін қалай бағалар едіңіз?

– Қашықтан оқыту білім алуға иеетті мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп, білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі қиын сәтте сан қырлы, әрі күрделі мәселеледі шешуде оқытушының атқаратын рөлі маңызды. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүктеледі: ол қысқа мерзімді оқу жоспарын дайындап, оны қашықтан білім беру жүйесі бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын ұсыныстар береді. Бүкіл әлемде болған пандемия салдарынан оқу орындарында заманауи технологияларды игеруге қиындық туындады. Бұл ретте Білім және ғылым министрлігі және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басшылығы тарапынан орасан жұмыс атқарылды. Атап айтсақ, онлайн сабақ жүргізуде интерактивті технологияларды қолдана отырып, білім алушыларға заман ағымына сай әдістерді айқындап, біршама семинар, вебинар, дөңгелек үстел, конференциялар ұйымдастырылды.

Қашықтан оқыту кезінде білім алушылармен байланысу маңызды. Тапсырманың анық-қанығын, оқу материалдарының қолжетімді болуын үнемі бақылау қажет болды. Осы мақсатта білім алушылар Zoom, Google classroom, Platonus платформаларын пайдаланды. Соның нәтижесінде студенттер әлемдік ақпараттар алуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, жаһандық ақпарат кеңістігінде өздерінің білімін шыңдауға мүмкіндік алды.

– Әдетте адамдар белгілі бір мақсатпен тіл үйренгісі келеді. Ал сіз бұл салаға қалай келдіңіз? Шет тілді үйрену бастапқыда сізге де оңай соқпаған болар...

– Мектеп қабырғасында шет тілін меңгеруге ерекше қызықтым. Қазақ әдебиетімен қатар шетел жазушыларының шығармашылығымен таныстым. Ағылшын тілін жетілдіруге, мамандық тандауға ұстаздарым, ата-анам бағыт берді. Алдымен М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжінде, кейін «Болашақ» университетінде «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығын тәмамдадым. Осыдан соң Ресей федерациясының Қазан федералды университетінде магистр дәрежесін алдым. Ал 2016 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне оқытушылық қызметке келдім. Бұлтыры оқу жылынан бастап Практикалық ағылшын тілі кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарамын. Ғылыми жолымды жалғастыру мақсатында, Ресей федерациясының Набережные Челны мемлекеттік педагогикалық университетінің аспирантурасында оқып жатырмын.

– Тіл үйрету барысында аудиорияны басқару екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сабақ барысында мәселе туындамас үшін педагог нені білу керек?

– Қазіргі уақытта қашықтан оқытуды күрделі процесс деп санамауымыз қажет. Білім беру ресурстарының мол болуы материалды зерттеуде, ұйымдастыруда және оның дамуын бақылауда оқытушының міндеттерін жеңілдетеді. Тек дұрыс материалды таңдап, білім алушымен байланысты жоғалтпау өте маңызды. Топта пікірталас ұйымдастырып, материалды оқып білу, жалпы жоба, рөлдерді бөлу тапсырмалардың көмегімен оқу процессін үздіксіз ұйымдастыру мұғалімнің назарында болу керек деп ойлаймын.

– Шет тілін жетік білесіз. Бірақ сол мүмкіндікті толық пайдалана алмай жүрмін деп есептемейсіз бе? Мәселен, шетелге саяхаттау тұрғысынан...

– Қазіргі таңда ағылшын тілін білу – заман талабы. Министрліктің және университетіміздің жастарды қолдау саясатында тағылымдама туралы ережелері бар. Әлемде болып жатқан жағдайға байланысты шетелдерге іс-сапарлар мен тағылымдамалар біршама тежелгені рас. Бірақ қазір сол жұмыстар екінші қарқын алып, жұмыс жандануда. Болашақта шет елдерге тағылымдамамен бару жоспарымда бар.

– Қай сала болсын уақыттың маңызды екені белгілі, ал сіз үшін 24 сағаттың қайсысы тиімді?

– Кейінгі он жылдықта «тайм менеджмент» деген ұғым санамызға еніп келеді. Бұрын тек бизнес саласында ғана қолданатын ұғым болса, қазір қарапайым өмірде де өз тиімділігін тәжірибе арқылы дәлелдеуде. Тайм-менеджменттің бірнеше әдісі бар. Мысалы, «Альп», «Парето принципі», «ABC анализі». Осы әдістерді қолдана отырып, алдағы күнімді жоспарлауға тырысамын.

– Ағылшын тілін үйренген сәтте кино көруге, ауен тыңдауға жиі кеңес беріледі. Бұл қаншалықты пайдалы?

– Шет тілін үйренемін деген адамға мүмкіндік көп. Міндетті түрде курсқа барып, уақыт пен ақшаға шығын шығармай-ақ, шын таппынсақ өздігінен үйренуге болады. Бұл – пайдалы және көңілен қолданатын әдістің бірі. Фильмдерді ағылшын тілінде көру, сөйлеу, тыңдалым, оқу дағдыларын арттырады. Ғаламторда ондай фильм көп. Тыңдау қабілетін ұнтаспа көмегімен дамыту үшін арнайы бейнежаттығулар мен аудиомәтіндер қажет. Осы орайда мәтінді тыңдау, оқып отырудың мәні зор.

– Қазіргі уақытта ғаламтор арқылы тіл үйретін онлайн-курстар жеткілікті. Оларға сенім артып, нәтиже күтуге бола ма?

– Жоғарыда айтқанымдай, ғаламторда ағылшын тілін үйренуге арналған пайдасы мол бейнеблог пен мен онлайн курс өте көп. Бірақ оларды іздеген адам бірден тауып алып, оқи бермейді деп ойлаймын. Жалпы шет тілін өз бетінше үйрену (self study) оңай жұмыс емес. Ол көп уақыт, күш пен ынта-жігерді қажет етеді. Шет тілін үйренудің тиімді әдісі тек кітап, аудио, бейнематериалдарды қолданып ғана қоймай, тұрақты түрде оқытушылармен сұрақ-жауап алмасып, сол тілді ана тілі ретінде сөйлейтін адаммен (native speaker) сөйлесіп, яғни үздіксіз жаттығып меңгеруге болады. Онлайн курстарды бастамас бұрын өзімізге сұрақ қойғанымыз жөн. Ең бірінші, үйренуші ағылшын тілінің өзіне қажеттілігін түсіну керек. Ол үшін «ағылшын тілі бізге неге керек? Үйренсем қандай пайдасы болады?» деген сұрақтарға жауап берсек, ағылшын тілін әлдеқайда оңай үйренген болар едік.

Екінші, біздің тілге деген қызығушылық болу қажет. Мысалы, “егер ағылшын тілін жақсы үйреніп алсам, ағылшын тілді адамдармен еркін сөйлесе аламын, халықаралық компанияларда жұмыс істей аламын, шет елдерге саяхат жасағанда тіл жағынан қиындық болмайды, Голливудтың (Hollywood) кинолары өз тілінде көріп, батыс Европа, Америка сияқты елдердің жазушыларының кітаптарын өз тілінде оқи аламын” деген сияқты құштарлық болуы қажет.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

ЖҮЛДЕЛІ КИНОЛОГТАР

Пойызда отырсаңыз, форма киген жігіттердің итпен вагон ішін аралап жүргенін жиі байқаймыз. Бір қызығы, қанша қорықсақ та ол иттер адамға тиіспейді. Себебі иттерге керегі басқа нәрсе. Олар үлкен дайындықтан өтеді, сондай-ақ іс сезу қабілеті ерекше болады екен. Бұған Қызылорда облысы Полиция департаментінің Кинологиялық қызмет орталығының қызметтік іздестіру иттері дәлел. Бүгінде олардың қылмыс ашуда көмегі орасан зор.

Мәселен, иттердің көмегімен қылмысты анықтауға, із кесуге, есірткі жарылғыш заттарды іздестіруге мүмкіндік көп. Бұл иттер күшік кезінен арнайы оқу-жаттығу курстарынан өтіп, белгілі бір бағыттағы құқық бұзушыларды анықтауға мамандандырылған. Қызметтік іздестіру ити есірткі мен жарылғыш затты бірден сезеді. Яки тапқан бойда жанына отырады немесе ағаымен көрсетеді.

“Кинология қызмет орталығында үш итпен жұмыс істеймін. Олар із кесу саласы, есірткі, жарылғыш затты іздеуге үйретіледі. Өзіме бекітілген осы үш қызметтік іздестіру итімен күніне екі рет жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Кинология қызмет орталығында 21 ит бар. Олар 7 сала бойынша жұмыс істейді. Неміс овчаркасы, лабрадор, орыс төбеті тұқымдары бар. Біз осы иттермен жұмыс істейміз. Өзімнің жұмыс істегеніме үш жылдан асты”, – дейді кинолог Азамат Фазылов.

Орталықта 21 қызметтік-іздестіру ити бар. Олардың 3-еуі есірткі затын іздестіруге, 2-еуі жарылғыш зат іздестіруге, 2-еуі із кесу саласы, 2-еуі одорология (иіс сезу) бойынша және 1 қызметтік іздестіру ити шабуылдау бағыты бойынша қызмет атқарады, 3 қызметтік ит қазіргі таңда үйретілуде. Ал қалалық, аудандық полиция бөлімдерінің теңгерімінде 18 қызметтік-іздестіру ити бар. Олар есірткі затын іздестіру, күзет қызметі (УӘИ) және ізге түсу бағыты бойынша қызмет атқарады.

– Қызметтік іздестіру иттерін үйрету барысында иттің мінез-құлқы әртүрлі екенін байқаймыз. Итті мінез-құлқына қарап дайындаймыз. Иттер қызметтік іздестіру барысында жақсы қызмет көрсетеді. Бір итті әкелгенімізге үш ай болған жоқ, үш қылмыстың бетін ашты” – дейді кинолог Азамат.

Сонымен қатар бұл иттердің арнайы режимі болады. Тамақты да, суды да мөлшермен, уақытымен ішеді.

“Итті қауіптен сақтау үшін, ауыртып алмау үшін 510 грамнан күніне бір мезгіл тамақ беріледі. Бұл – өздеріне бекітілген режим. Үш мезгіл су, ал жаз мезгілінде алты рет су ішеді, – дейді облыстық полиция департаменті кинология қызмет орталығының кіші инспектор кинологы, полиция сержанты Азамат Фазылов.

Кинологиялық қызмет орталығының қызметкерлері биыл бекітілген қызметтік іздестіру иттерімен Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Алматы қаласындағы Кинологиялық оқу орталығында үш сала бойынша, яғни есірткі затын іздеу, одорология – иістерді сәйкестендіру және адам иісі бойынша ізге түсу, 3 айлық біліктілік арттыру курстарын аяқтады. Оқу курстарының қорытындысымен Республика бойынша кинолог мамандардың арасында өткізілген жарыста Қызылорда ОПД Кинологиялық қызмет орталығының инспектор-кинологы полиция аға лейтенанты Азиз Арифов «Вена» атты қызметтік итімен «Заттардан іріктеме алу» және «Абсолюттік сынақ» бойынша жүлделі екінші орынды иеленді.

– 7 ай көлемінде 102 қылмыс ашылды. Оның ішінде 58 ұрлық дерегі, 7 тонау, екі қарақшылық. 34 тағы басқа қылмыстар. Былтыр 134 қылмыс ашылған. Бұл салада 2012 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Із кесу бойынша кинология орталығында оқуда болдым, – дейді Қызылорда облыстық кинология қызмет орталығы бастығының міндетін атқарушы Азиз Арифов.

Кинолог мамандардың бүгінде атқарған жұмыстары көп. Нәтижесі де көңіл көншітеді. Жүлделі орындардан құр алақан емес. Мәселен, Жалағаш аудандық полиция бөлімінің кинолог маманы, лейтенанты Шоқан Махамбетжанов «Виви» атты қызметтік итімен «Із кесу» саласы бойынша жүлделі ІІІ орынды иеленсе, патрульдік полиция батальонының кинологы полиция сержанты Бердібек Жаңғабыл «Феликс» және «Вулкан» атты қызметтік иттерімен «есірткі затын іздеу» бойынша жүлделі ІІ орынды және одорология саласы бойынша ІІІ орынды иеленді.

“Ит – адамның досы” деп бекерге айтпаса керек-ті. Кинологтардың досына айналған бұл иттер бізге ғана емес, елімізге де үлкен септігін тигізуде.

Мөлдір САБЫРЖАН

ӘКІММЕН КЕЗДЕСКІМІЗ КЕЛЕДІ

Былтыр Бәйтеректе мектеп құрылысы басталғанда тұрғындардың қуанышында шек болмады. Себебі мұндағы балалар қалаға қатынап оқиды. Бар қиындық осында. Бәйтеректен қалаға қатынайтын қоғамдық көлік жоқ. Тұрғындар Қызылорда – Жезқазған тас жолына дейін жаяу жүруге мәжбүр. Ол жаққа жету үшін таксиге қымбат төлейсіз. Былтыр 600 орынды мектеп құрылысы басталғанда облыс әкімі мектептің кірпішін қалау жұмысына қатысқан-ды. Десе де тұрғындар күткен мектеп құрылысы бүгінде тоқтап тұр. Мектеп құрылысының жүрмеуі, көпірдің жоқтығы, қоғамдық көліктің қатынамайтыны тұрғындарды әбігерге салуда. Ашынған олар тілшілердің көмегіне жүгінуді жөн көрген. Сонымен тұрғындар не дейді?

Жұлдыз БАЙДРАМАНОВА, Бәйтерек мөлтек ауданының тұрғыны:

– Бәйтерек тұрғындары 2017 жылдан бері осында тұрып жатырмыз. Тұрғындарға арнап салынған мектептің құрылысы басталды да, ,жарты жолда тоқтап қалды. Мектеп пайдалануға берілмеген соң тұрғындар балаларын қалаға ақылы мектепке берді. Өйткені ақылы мектептің тасымал қызметі бар. Ол тасымал бала басына – 7 мың теңге. Бір үйде 4-5 бала бар. Біреудің қалтасы көтереді, біреудің қалтасы көтермейді. Сол себептен әкімдікке қайта-қайта барып, тұрғындар атынан арыз жазып жатырмыз. Әкіммен кездесе алмай жүрміз.

Бізді "Қарауылтөбе" ауылына баратын бұрылыстан Бәйтеректің тұрғындары күтіп алды. Әрі қарай ойдым-ойдым жерлермен арттарынан ілестік. Жолда келе жатып, қалаға бет алған тұрғындарды көрдік. Жаяулатып, баласын жетектеп, күннің ыстығында ұзақ жол жүруіне тура келеді. Бізге жол көрсету арқылы, өздерінің қалаға дейін қалай жететінін көрсеткісі келген болу керек. Расымен межелі жерге жету үшін ұзақ жол жүруге тура келеді. Бұл жолдың ғана мәселесі емес, көпірдің ең басты мәселесі екенін тұрғындар алға тартты. Себебі көпір арқылы жол қысқарады.

Әбдуәли ҚОЖАМЖАР, Бәйтерек мөлтек ауданының тұрғыны:

– Пелендей жылжып жатқан дүние көргенім жоқ. Өйткені осы жерге кірпішті әкеліп жатады, бір қарасаң, тиеп алып алып бара жатады. Мен түсінбедім, көше бетке қарағанда бірінші қабаты біткен тәрізді, бірақ арғы жағында қабырға жоқ. Халықтың көпшілігі жер берген соң көшіп келгісі келеді. Әйтсе де бала шағасы бар, солардың жағдайын ойлайды. Сәйтіп келе алмайды.

Тұрғындардың айтуынша, бармаған есігі қалмаған. ЖКХ бастығы Біржан Далабаев «көпір, үш көше болады, мектеп құрылысы аяқталады» дегеннен басқа жауап бермейді. «Достық» көшесінен көпір түседі деген, бірақ әлі құрылысы басталмады. Оның маңыздылығы зор дейді. Алты-жеті километр жүріп таксиге жүгінеді. Олар 1500-3000-ның көлемінде қызмет көрсетеді. Қарауылтөбенің бұрылысына дейін жаяу барып, №27-інші маршрутқа мінуге мәжбүр. Көлігі барлар айсайын жөндейді. Мұнда көшіп келе алмай жатқан қанша тұрғын бар. Олар қарызданып, қауғаланып үйлерін салып жатыр. Бірақ транспорттың жоқтығынан келе алмайды. Қанша заттары ұрланып, шығындалуда.

Нұржан Ардақ жол мәселесінің шешімін таппай жатқанына наразы. «Қаладан такси жалдап келуге қалта көтермейді. Баласы барларға қиын. Қарт кісілер де жаяу жүреді», – дейді.

Арнур НҰРМАҒАНБЕТОВ, Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары:

– Қызылорда – Жезқазған тас жолын бойындағы 600 орынды мектеп құрылысы "Жұмыспен қамту жол картасы бағдарламасы" аясында 2020 жылы маусым айында басталды. Білім саласы нысандары бюджеттік бағдарламаларға өзгеріс енгізілуіне байланысты, аудандық-қалалық құрылыс бөлімдерінен алынып, облыстық басқарма деңгейіне беріліп жатыр. Биылдан бастап құрылысты біз жалғастырамыз. Қазіргі таңда нысанның барлық құжаттарын, орындалған жұмыстарын алыс-беріс актісі арқылы қалалық құрылыс бөлімінен қабылдап алу жұмыстары жүргізуде. Тоқтап қабылдағанған кейін құрылыс басқармасы арқылы мердігер мекемемен қосымша келісімшартқа отырады. Биылғы бөліліп тұрған қаржы – 386 млн теңге. Енді бұл нысанның нормативтік құрылыс ұзақтығы – 18 ай. Былтыр 6 ай құрылыс жұмыстары жүргізілген. Енді 2022 жылы аяқталады деп күтілуде. 270 млн теңгесі 2022 жылға қаралып отыр.

P.S. ***Балаларды ақылы мектепте оқытуды көп балалы отбасылардың қалтасы көтермейтінін жақсы білеміз. Сонда мәселеміз қашан шешіледі деген тұрғындардың уәжі орынды. Десе де мектептің құрылысы биыл бітпейтіні анық.***

Мөлдір САБЫРЖАН

БҰЛ НЕҒЫЛҒАН БАТПАН ҚҰЙРЫҚ?

«Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстанның жұмыссыз азаматтарына қаржы береді. Ол үшін мына сілтемеге өтіңіз» осы хабарлама телефоныма бір күнде жүзден аса адамнан келді. Сілтемеден өте салайық, беріп қалар деген үміт те жоқ емес. Шынымен береді екен деп сеніп, жан-жаққа таратып отырғандар жеткілікті. Мен алдым деп пікір білдірген – шет елдің азаматтары. Осыдан-ақ күмәнденуға болады. Мәтіні бір-біріне ұқсас сілтеме арқылы өтуді сұрайтын хабарламалар көбейіп кетті. Дұрыс толтырсаң, 50 мың теңге есеп шотыңа түседі екен. Жаныма батқаны, көкірегі ояу көзі ашық азаматтардың сол ақпарға сеніп таратып отырғаны. Мемлекеттік органдардың, тіпті Nur Otan партиясының ресми парақшасын қарап шықтық. Халыққа қандай да бір көмек берілетіні туралы ресми ақпарат таппадық. Бұл – әлеуметтік желідегі алаяқтардың құрбаны боламыз деген сөз. Сілтемеге өтіп, мәнсіз сауалнаманы толтырып отырғанда телефондағы жеке мәліметтер қолды болуы мүмкін.

Біз осы неге тегін дүниеге әуес болып кеттік. Біреу бірдеңесін тегін берсе деп жаутаңдап отырамыз. Жақсы қасиет емес. Пандемия уақытында көп адамдар ауырып жүр, нарықтағы баға да көтеріліп кетті. Былай тартса, былай жетпейтін тұрмыстық тауқыметтің тапшылығы да біздің психологиямызды тілемші етіп қойған секілді. Әлеуметтік желіде біреу ескі затын тегін берем десе, астына мың сан адам маған беріңізші деп жазады. Ойланатыныям, расымен осы адамдардың барлығы мұқтаж ба? Әлде, ақыры тегін беріп жатыр той ала салайын дейді ме? Адамның өмірі, оның өмір сүру деңгейі санасының тікелей көрсеткіші. Бүгін кімнен нені тегін алсам екен деп ойлап жатпайтын шығарсыз. Тұрып еңбек етіп, өз несібеңізді өзіңіз терген тәуір емес пе? Өзгеден сұрай салу, жұмыссыз, жалқау адамдардан шығады. Бір жәрдем етсең, келесіде қайта сұрап тұрады. Мен тынымсыз тапқан еңбек ақымды неге бөлісуім керек деген ойға қалам. Он екі мүшесі сау, жұмыс істесін. Таңнан қара кешке дейін телефоннан ышқпай, жалған ақпараттарды зерттемей, таратып, ақыр соңында өзі алаяқтарға жем болып отыратындар көбейіп кетті.

Сауда орындары да екеуін алсаң, біреуі тегін деген әдіске көшкен. Дүкеннің есігінде «Тегін» деген жазу көрсек, бас сұқпай кетпейтін психология пайда болды. Тіпті маған, балаларыма тамақ керек, голд нөмірім осы деп жазып жариялайтындар бар. Тура оның балаларын бағуға, жеткізуге басқалар міндетті секілді. Оларға бүкіл әлем міндетті. Қытай ойшылы Кунфудзының: «Елін асып-тасып отырғанда, кедей әрі кемшін болғаның ұят. Елің арып-аршып отырғанда, бай әрі бағлан болғаның ұят» деген сөзі бар. Бар болса, қарайлас, жоқ па жаутаңдап қолыңды жайма! Қай жерде, қандай тегін дүние бар деп отыру бұл – масылдық. «Құлық саумақ, кез сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау! Еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды», – дейді Абай. Адам өз өмірін қолға алып, еңбек етіп, нан таппайынша, масылдықпен қаңғыбасы майланбасы анық. «Кісіден сұрағанның көзі шығар, құдайдан сұрағанның түйірі шығар», – деген. Оңай олжалы боламын деп алаяқтарға алданбайық, Құдайдан сұрап, қарекет етейік?!

Қаракөз ҚЫПШАҚ

ЖАЛАҚЫ ӨСТІ, БІРАҚ...

Биыл экономикалық көрсеткіш жағынан көшбасшы елдер қатарынан көрінуіміз екіталай. Елдегі инфляция деңгейі жоғары шекке жетті. Одан қалды күні көше ең төменгі жалақы көлемі бойынша әлемнің 56 мемлекеті қатысқан рейтингте еліміз 37 400 теңге көрсеткішпен соңғы орынға жайғасты.

Елімізде ең төменгі айлық көлемі – 42 500 теңге, одан алынатын салықтарды есептегенде қолға тиетіні – 37 400 теңге. БҰҰ нормативі бойынша, ең төменгі жалақы сағатына 3 доллардан кем болмауы тиіс. Яғни ең аз айлық жалақы 740 долларға тең болуы керек. Ресми дерекке сүйенсек, елдегі орташа жалақы – 242 542 теңге. Байқағаныңыздай, орташа жалақы көлемі ең төменгі жалақыдан 5 есе көп. Ойланып қарасақ, ақылға қонымсыз статистикаға сенуге тура келеді. Себебі, мамандар 45 мың теңге алатындар мен 800 мың жалақы алатындарды қосып, ортақ көрсеткішті шығарады. Ұлттық статистика бюросы мамандары мұндай есептеу әлемдік тәжірибеге негізделген деп ақталады. Бірақ биліктегілер өркениетті елдерде байлар мен қарапайым халықтың табысының айырмашылығы 2-3 пайыздан аспайтынын ескермейді. Мәселен, Еуропаның көптеген мемлекеттерінде 2-4 есе болса, Литвада – 4,4 есе, РФ-да – 5,1 есе. Ал Қазақстанда 10 есе және одан да жоғары. Негізінде халықтың 80 пайызы орташа жалақыны армандап күн кешуде. Energygrom.kz рейтингіне қарасақ, Қазақстандағы орташа айлық жалақыға тек ортанқол 5 жұп Nike кроссовкасын сатып алуға болады. Бұл көрсеткіш бойынша біз әлемдегі 107 елдің ішінде 78 орында тұрмыз. Рейтингте Швейцария бірінші орында. Онда орташа жалақыға 50 жұп, ал АҚШ-та 46 жұп аяқкиім келеді. Белоруссия мемлекеті жалақы көрсеткіші бойынша Қазақстан мен Ресейден асып түскен. Соғысқан арпалысқан Украинаның өзінде соңғы 5 жылда ең төменгі айлық 4 есе өсіп, бүгінде біздің ақшамен шаққанда 100 000 теңгеден асқан.

Қазақстандықтардың әлемдегі ең төмен жалақы алатынын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мойындады. Жұмыскерлердің нақты ақшалай табысы номиналды көрсеткіштен, яғни белгілі бір кезеңге анықталған саннан орташа есеппен 8 пайызға аз. Бұл отандық еңбек нарығының дамуына кедергі келтіретін басты себептердің бірі. Жалақысы ең төмен сала ауыл шаруашылығы, сумен жабдықтау, өнер және ойын-сауық саласында. Бірақ болжамдарға сәйкес, 4 жылдан кейін халықтың ақшалай табысын 27 пайызға арттыру жоспарланған.

КІМДЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ АРТАДЫ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Nur Otan партиясының XX съезінде дәрігерлердің жалақысы 2023 жылға қарай 2,5 есе өсетінін айтты. Сонымен қатар балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт үйірмелерінің жаттықтырушылары мен мұғалімдердің жалақысын көтеруді тапсырды. Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев экономика дамыса, жұмыс орындары көбейсе, халықтың табысы да өседі дегенді айтты. Осыған орай шілде айынан бастап мемлекеттік қызметшілердің жалақысы салалық жіктелуге қарай 30-150 пайызға өсті. Әсіресе ауыл мен аудандарда жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбекақысы көтерілді.

– Бүгінде еңбекақы төлеу жүйесінде жалақының көлемі жағынан орталық пен аудандардың арасында теңгерімсіздік бар. Ол орташа есеппен – 70 пайыз. Еңбекақы кестесі лауазымдар иерархиясына негізделген. Сол себепті төменгі деңгейде жұмыс істейтіндер аз ақша алады. Ал мемлекеттік органның дәрежесі жоғары болған сайын еңбекақы да көбейеді, – дейді Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің департамент директоры Жаркын Тілеукенов.

Департамент директорының айтуынша, жаңа жүйеде иерархия көп өскерілмейді. Енді жалақы төлегенде лауазымның мазмұнына, қызметтің күрделілігіне мән беріледі.

– Жаңа жүйеде қызметкердің өкілеттілік пен жауапкершілік ауқымы ескеріледі. Сәйтіп қазіргі басшылық пен қатардағы қызметкерлер арасындағы теңгерімсіздік 70 пайыздан 10 пайызға дейін төмендейді. Жалақы көлемі, әсіресе ауылдар мен аудандарда көп өсіріледі. Ірі қалалардағы еңбекақыға аса көп үстеме қосылмайды, – дейді Жаркын Тілеукенов.

Ал 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап орталық мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін 2024 жылға дейін жыл сайын 30 пайызға дейін жалақы көтеріледі. Жалпы мұғалімдердің орташа айлық жалақысы 234 мың теңгеге, дәрігерлер 320 мың теңгеге, әлеуметтік қызметкерлер 180 мың теңгеге, мемлекеттік қызметкерлер 267 мың теңгеге өседі деп жоспарланған.

P.S. ***Бір қызығы біздің елде мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы артуда. Бұл елдегі орташа жалақының артуына септігін тигізуде. Бірақ ең төменгі жалақы көлемі сол күйінде қалып отыр. Мысалы, 42500 теңге алатын жұмысшы 3 жыл бұрын күнбағыс майын 330 теңгеге алса, биыл 600 теңгеден алуда. Бірақ мұндай айырмашылықты есептеп жатқан ешкім жоқ. Бұдан бөлек, былтыр азық-түлік тауарының бағасы 11,3 пайызға қымбатталған. Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, өткен жылы тауарлар мен қызметтер бағасының өсуі соңғы төрт жылда шарықтау шегіне жеткен. Бес жыл ішінде бір ғана жұмыртқа бағасы 19 пайызға қымбатталған.***

Айгүл ӘЛІШЕРОВА

Бәтима ЗӘУІРБЕКОВА, суретші-гобеленші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

ЕҢБЕК ЕШУАҚЫТТА ДАЛАДА ҚАЛМАЙДЫ

– Бәтима апай, 75 жылдық мерейтойыңыз құтты болсын! Құдай қаласа, ғасырлық мерейтойыңызды да халықпен бірге тойлауды бұйырсын дейміз. Көңіл-күйіңіз қалай? Әлі де шығармашылықтан қол үзбеген боларсыз...

− Көңіл-күйім, денсаулығым бәрі жақсы. Иә, әлі де шығармашылықтан қол үзгенім жоқ. Мен оны тастай алмаймын ғой (күліп). Қазір Түркияда эскизбен айналысудамын. Өнердегі ең басты дүние – идея, эскиз. Алдымен эскиз сызып, сурет салып, содан кейін Алматыда 15-20 жылдан бері өзіммен бірге жұмыс істеп жүрген шәкірттеріме тоқуға беремін. Жұмыстарым сол жақта дайындалу үстінде.

− Ал идея қайдан келеді? Оны қағазға толық түсіріп шығуға қанша уақыт қажет?

− Әрине, ол дегенің оңай жұмыс емес. Қанша ойланып, толғану керек, жақсы көңіл-күйдің болуы да маңызды. Өнер адамы болған соң қарап жүрмей, барған жеріміздің көп әсер аламыз. Кейін соның бәрі қағазға түседі. Қазір бос уақытымды натюрморт салуға арнап жүрмін, оның өзі үлкен тақырып, өз алдына бөлек жанр. Бір жағы демалыс, бір жағынан осылай шығармашылыққа көңіл бөлген де дұрыс деп ойлаймын.

− Түркия − өнеріңіздің екінші тынысын ашқан ел. Бұл жақтағы қолөнердің қазіргі жағдайы қалай? Туыс мемлекетте сіздің қанша көрмеңіз өтті?

− Осыған дейін Түркияда тоғыз рет жеке көрмемді өткіздім. Бұл елді алғаш көргеннен ұнатып, тез бауыр бастым, сондай бір жайлы, адамға күш беретін жер. Әлде теңіздің, судың күші ме, өзіңді-өзің үнемі жақсы сезініп жүресің. Адамдары да сондай мейірімді, әсіресе қазақтарды «туыспыз» деп қатты жақсы көреді. Түркияда болған үш жылда өте көп жұмыс жасадым. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қиын уақытта Алматыда жүріп шаршаған екенмін, Түркияға келгенде қайтадан дүниеге келгендей шығармашылыққа зор ықыласпен ден қойдым. Оның өзі маған біраз азық болды, көп эскиздер дүниеге келді. Өнерге деген көзқарас қанша жыл өтсе де өзгермейді ғой. Бұл жақта түріктер живопись өнерін, графика, акварелмен жасалған жұмыстарды әлі де жақсы көреді. Қызығушылықтары керемет енді... Кез келген түріктің үйіне барсаң, бірнеше картинаны көресің, Мен соған қызығамын. Бірақ түріктер гобелен өнерімен аса қатты таныс емес. Сондықтан дап қазіргі уақытта мұнда гобелен тоқуға мүмкіндік жоқ болған соң, живописьпен айналысып, көрме ашсам деген ойым бар. Бұл жерде де маған «студия, мектеп ашыңыз, көрме ұйымдастырайық» деген сұраныс түсуде. Әзірге ойланып жүрмін. Тіпті кейде «мектепке сіздің атыңызды берейік» дейді түрік ағайындар. «Жоқ, маған керек емес» деймін мен. Түркияда студия ашылып, балалар мен жасөспірімдер бізден үйреніп жатса, оның өзі үлкен жетістік қой. Құдай бұйырса, өнер орталығын өз елімде ашайын деп ниеттеніп жүрмін.

− Қолөнерге келуіңізге анаңыздың себепкер болғанын, кейін өзіңізде «гобеленнің анасы» атанғаныңызды дүйім халық біледі. Көзіңіздің қарасындай көретін саф өнердің өз еліміздегі бет алысы қандай?

− Бұрын елде картинаны іздеп келіп, сатып алушылар болмаушы еді. Біз Түркиядан оралған соң елдегі жағдайдың өзгере бастағанын байқадық. Шетелден көрген соң адамның ішкі мәдениеті өсіп, танымы кеңейді ғой, халықта қолөнерге деген жылы ықылас пайда болыпты. Сол кезде көп жұмысым сатылып, өзім ойламаған жағдай болған. Соның алдында ғана 1997 жылдары суретшілердің жағдайы өте жұпыны еді, себебі мәдениет министрлігі тапсырыс алмайтын болды, арада ешқандай келісімшарт та жоқ. Бірақ мен суретшілердің бұл қиындығын білмеппін, өйткені ол уақытта Анкарага кетіп қалған едім. Кейін суретшілер: «Сен сол жағдайды біліп кеттің бе?» деп сұрайды. Мен, әрине, ешнәрсе білген жоқпын. 1995 жылы Түркияда Қазақстанның мәдени күндері өтетін болып, Мәдениет министрлігі сол күндердің аясында ұйымдастырылатын көрмеге қатысуымды сұрады. Министрдің өзі бастап барған сол сапарда түрік кәсіпкері «Түркияда гобелен өнерін үйретіңіз» деп ұсыныс жасады. Мен бірден келіспей, «үйіммен ақылдасайын» деп ойландым. Кейін шақыртуды қабыл алып, қайта бардым. Сол жақта әрі кетсе 2-3 ай боламын деп ойлағанмын, қайдағы?! Үш айым үш жылға созылды. Сол кездің өзінде бір ғана Анкарада 120 галерея бар екен. Ал біздің елде ешқандай галерея болған жоқ. Елге қайтар уақытта түріктер «біз жағдайының бәрін жасаймыз, неге кетесің?» деп сұрайды. Сонда елімді, үйімді қатты сағынғанымды айттым.

Қазір пандемия өнерге де әсер етіп тұр ғой. Былтыр Германияда көрмем өтті, одан әрі қарай жалғастырып алып кететін мүмкіндік болды, бірақ аяқ астынан пандемия басталды. Көрмеге көп адам шақыруға да қорқасың. Әйтпесе қазір үлкен көрме ашатын мүмкіндігім бар. Жұмыстарымның бәрі дайын. Ә.Қастеев атындағы музейде не болмаса Нұр-сұлтан қаласында жеке көрмемді ашуыма болады, бірақ балаларым елдегі жағдай реттелсін деп күтіп отыр.

− «Қазақфильмнен» «Өнер» комбинатына жұмысқа орналасқан кезіңіз, 34 жасыңызда мемлекеттік сыйлықты иеленуіңіз шынымен тарихи оқиға. Сол ұмытылмас сәттерді оқырман ойына қайта түсіріп, әдемі естеліктерді айтып беріңізші...

− Н.Гоголь атындағы көркемсурет училищесінде оқып жүрген кезім ғой, марқұм Әмен Қайдаров оқу орнына келіп жұмысымызбен танысып, бірнеше суретшіні «Қазақфильмге» мультипликаторлыққа шақырды. Солардың құрамында мен де киностудияға жұмысқа орналастым. Ол жерде жұмыстарым жақсы жүрді, суретшілер менің туындыма жақсы баға беріп, ұнатты. Бірақ кейіннен жанашыр әріптестерім «мультипликациялық тақырыптар аясында шектелмей, көрмелерге қатысып, еркін шығармашылықпен айналысқан дұрыс» деген соң, ақыры Молдахмет Кенбаев ағамыздың ақылымен «Қазақфильмнен» кетіп, «Өнер» комбинатына жұмысқа орналастым. Ал «Өнер» ол уақытта нағыз шығармашылықтың ортасы болды. Сонда Қ.Тыныбековпен танысып, гобелен тоқудың техника-тәсілдерін үйрендім. 1977 жылы Қ.Тыныбеков, И.Ярема, Е.Николаева және маған сол уақыттағы ең биік ғимарат – «Қазақстан» қонақүйінің төменгі қабатын айналдыра 100 шаршы метр гобелен тоқу тапсырылды. «Радуга Казахстана» деп аталатын үлкен жұмысқа тыңғылықты дайындалдық, алдымен эскизін жасадық, оны Үкімет қарап, бекітті. Жанымыздағы бес-алты көмекшімен бірге он адам тоқуды бастап кеттік. 1977 жылы басталған жұмысты басқа жаққа мойын бұрмастан екі жыл тоқып, 1979 жылы аяқтадық. Қазақстан Суретшілер одағы төртеуіміздің де Мемлекеттік сыйлыққа ұсынды. Сыйлық гобелен мен суреттен арнаулы білім алған Құрасбек екеумізге берілді. Сол жылы мен туралы «Қазақфильм» деректі фильм түсірді.

Алғаш рет Мәскеуде өткен үлкен көрмеге 1976 жылы курстасым Камил Молашев екеуміз қатысып, дипломант атандық. Ол уақытта тақырыптық көрмелер көп және жиі өтетін. Тіпті кейде үлгермей жататынбыз. Шынын айту керек, қыздармен әңгіме айтып, шай ішетін уақыт болған жоқ ол кезде. Күніне 16-18 сағаттан таңға дейін жұмыс істедім. Соның арқасында біраз коллекция жинадым, қазір кез келген уақытта, шетелде болсын көрмемді өткізе аламын. Құдайға шүкір, осындай үлкен жетістіктерге жеттім.

– Гобеленнің отаны Францияға барғанда өнеріңізге қызыққан француздар сонда қалуыңызды өтініпті. Сол кезде қандай уәж айттыңыз? Олар қандай тақырыпқа қызығады?

– Ол оқиға былай болған: Франциядағы көрмеде жұмысымды бір француз ұнатып кетті. Сонда маған «Бұл туындыны сатпай тұра тұрыңыз, мен қазір әйелімді алып келемін» деп айтыпты. Мен оның тілін түсінбеймін ғой. Әлгі француз келемін дегенше туындыны басқа біреу сатып алып кетті. Сәлден соң әйелін ертіп жаңағы француз келді де, туындыны қайта сұрады. Мен жағдайды аудармашы түсіндірген соң барып ұқтым. Содан әлгі француз маған «барлық жағдайыңызды жасаймын, осында қалыңыз» деп ұсыныс жасады. Ол кез қиын уақыт қой, сол жақтағы қазақтар да маған «қалсаңызшы, бұл жақта байып кетесіз» деп көндіруге тырысты. «Жоқ менің кішкентай қызым бар, оносы бұл жаққа келе алмаймын. Құдай сақтасын, ақшасы да құрсын, байлығы да керегі жоқ» деп айтып, елге қайтып келгенім бар. Ол жаққа да үш жыл қатарынан бардық, бәрінде жұмыстарымыз жоғары бағаланды. Қанша жұмыс апарсам да, бәрін пышақ үстінде бөліп алатын. Олар тек ұлттық тақырыпқа қызығады, соған ғана таң қалады, қатты ұнатқаны да сол туындылар болды. Біздің Еуропоға елиіктеуіміздің оларға қажеті қанша?! Кейде олар туындының бәрі қолмен жасалды дегенге сенбейтін, машинамен тоқылды деп ойлайтын. «Жоқ, ол сантиметр, миллиметріне дейін өлшеп жасалатын жұмыс» деп өзімізше түсіндіремін, тіпті қалай тоқылатынын да сол жерде көрсеткенбіз.

– Әр туындының өзіндік тарихы болатыны анық. Көбіне қазақ ауруларын басты тақырып еттіңіз, оған өзіңіздің нәзік жан дүниеңіз әсер еткен сыңайлы, солай ма?!

– Қайдан білейін?! (күліп) Әйтеуір өзім ұлттық дүниені, табиғи, инабатты, әдемі қыздарды жақсы көремін. Сондай қыздарды көшеден көрсем, асықпай қарап, картинаға салып, образын, жан дүниесінің әдемілігін беруге тырысамын. Қазақ арулары дегенде, мына жылы естелік ойымнан кетпейді: 2008 жылы Астанада өткен авторлық көрмемнің ашылу салтанатында ақын Фариза Оңғарсынова құттықтап тұрып: «Бәтима, мен саған ризамын. Осы уақытқа дейін көрмелерден, суретшілердің шығармаларынан көріп жүрген қыздардың бәрінің көздері сығырайып, солғын тартып тұрушы еді, бір түрлі сұ¯рықсыз көрінетін. Ал сен салған қыздардың көздері ботаның көзіндей мөлдір, ашық, тұнғық, нағыз қазақ қыздарын көремін. Рахмет саған!» деген еді. Бұл менің өнеріме берілген үлкен баға болды.

– Гобелен туындысын қайталап көшіруге болатынын біледіз. Бірақ оған идея мен түстерді үйлестіру қанша уақыт алады?

– Гобелен жұмысы дегеніңіз, инемен құдық қазғанмен бірдей, оған өте көп уақыт кетеді. Әрбір миллиметрін есептеген соң, бір шаршы метрді бір-бір жарым ай тоқуға тура келеді. Мысалы, бір күнде бірнеше киіз басуға болады ғой, ал бір гобеленді аяқтауға айға жуық уақыт керек. Орта ғасырда ағайынды Гобелендер негізін салып, осы өнердің соңында жүріп, жанары көрмей қалса да,

француздар олардың өнерін ұлттық өнердің санатына қосты. Ол ерте заманда ақсүйектердің сүйікті өнері болып саналатын, сол дәуірде өмір сүргендер гоболенді ерекше құрметтеді. Онымен патшаның сарайын, бай-бағландардың үйін безендіріп, тастан салынған зәулім сарайлар салқын болғанда қабырғасына жылу беру үшін керге тұсына ілетін. Біздегі түкті кілемдер мен алашада гобеленмен ұқсастық бар ғой, өйткені бәрі де тоқыма өнері. Бірақ оның тықыр кілемнен, терім алашадан айырмашылығы түстерінің бай болуында жатыр. Бір жұмыстың өзінде 100-150-ге дейін бояу түсі пайдаланылады. Кейде он сантиметр суреттің ішінде бес-алты түсті бояу бір-бірімен жалғасып жатады. Өзім түрлі-түсті бояуларды қолданғанды жақсы көремін, гобелендерімнің ең басты ерекшелігі де осы .

– Жұртқа көз, көңіл қуанышын сыйлаған қолөнер шебер жанарының нұры іспетті. Айтыңызшы талай жылғы еңбек жолыңызда қолөнер денсаулығыңызға әсер етпеді ме? Бүгінге дейін қанша туынды дайындадыңыз?

− Тапжылмай жұмыс істегеннің әсерінен кейін мүлде тоқи алмай қалдым ғой. Таңға дейін 17-18 сағат жұмыс істеу оңай ма?! Мен қазір сол кездегі өзіме таң қалып, «қайдан келген күш?!» деп ойлаймын. 25 жыл гобеленді өзім тоқыдым, одан кейін шәкірттерім тоқитын болды. Ал эскиз, живописьті басқа ешкім жасай алмайды, сондықтан тек қана өзім сызамын. Осы уақытқа дейін әр түрлі көлемде тоқылған 250-ден астам дүние болды. Көп туындылардың қайда кеткенін білмеймін, бұрын мәдениет министрлігі сатып алып, жан-жаққа тарататын. Тіпті кейде туындыларды суретке түсіріп үлгерместен, шетелге алып кететін.

− Гобеленді арнайы іздеп келіп үйренушілер бар ма? Ізбасар шәкірттеріңіз жайлы да әңгіме қозғасаңыз...

– Иә шәкірттерім бар, кейде арнайы үйренгісі келушілерге тоқуды солар үйретеді. Гобеленді жай адам тоқи алмайды. Ол үшін бояудың тур-түсін ажырата білу керек, алдымен сондай талант керек адамға. Қазір академия бітірген қыздар гобелен тоқып жүр ғой, бірақ кейбір қыздарда мұндай талант туа біткі болады. Бірде маған Қытайдан келген Мания деген қыз төрт жыл шәкірт болды. Енді тоқығанын көрсеңіз?! Керемет... Суретші болмаса да, жылы түстерді, бояуларды ажырата білетін, сондай бір талантты қыз болды. Түсті талғауға келгенде бәрінен басып озатын. Міне, бұл қасиетті адамға үйрете алмайсың, ол сондай қабілетпен тууы керек.

– Қолөнерге келмес бұрын композитор болғыңыз келген екен. Қолыңыз босағанда ән шырқап тұратын боларсыз...

– Мен орта мектепті Меркеде оқыдым ғой, сонда өзімше бір композитор болғым келді. Әлі күнге музыканы жақсы көремін, әнсіз жұмыс жасамаймын. Бірақ ән айтып, өнер адамы болуыма анам Бүбіхан о баста қарсылық білдірді, ол кезде артистерге деген елдің көзқарасы жақсы болған жоқ. Мен мектеп бітірген жылдары «Қазақстан әйелдері» деген журнал үйге келіп тұратын. Сондай бір сәтте журналды парақтап отырған анам мұқабадағы Гүлфайрус Исмаилованың суретін көріп: «Қандай сұлу қыз, мынау! Сен де Гүлфайрус сияқты суретші болсаң ғой, әдемі қыздарға суретші болу жарасады екен» деді. Ішкі ойым Жамбылдағы мәдени ағарту училищесінің музыка факультеті болса да, мектеп бітірген соң анамның айтқан сөзін жерге тастай алмай, Алматыға келдім. Анам менімен бірге келе алмайды, өйткені үйде менен бөлек төрт бала бар. Н.Гоголь атындағы көркемсурет училищесіне құжат тапсыруға келгенде, директоры Ақырап Жұбанов көп көмектесті. Ол кісі ауыл балаларын ерекше жақсы көріп, үнемі қолдауға дайын тұратын.

– Қазір жастарға ақыл айтатын мотиватор көп. Алайда алдыңғы буынның тәжірибесі бәрінен құнды. Газет оқырмандарына өз тәжірибеңізден қандай кеңес берер едіңіз?

– Қазақта "еңбек етсең, бақыт басын иеді" деген мақал бар. Кейбір адамдар еріншке болған соң, бүгінгіні ертеңге қалдырып, ертеңгіні бүрсігінге жалғастырып жүре бергенді жақсы көреді. Мен ондайды ұнатпаймын, бүгінгі жұмыс дәл уақытында жасалу керек, ал ертеңгі күннің өз жұмысы бар. Сол үшін "бүгін үлгермей қалдым" деген сылтауды айтуға үйренбеу керек. Кейде суретшілерде мынадай жағдай кездеседі, ұзақ уақыт еңбектенеді, сурет салады, сосын бір күні "құрсын, ешкім сатып алмайды бәрібір, бостан-босқа жасай береміз бе?!" деп қолды бір сілтейді. Сондай сылтаумен тоқырау кезінде қаншама суретші саудаға кетіп қалды. Бірақ ол дұрыс емес. Қандай қиындық болса да, бәрі де уақытша, сондай кезде "ертеңгі күні бәрі жақсы болады" деген үмітті үзбеу керек. Бәрі бір Алланың қолында ғой. Арада он жыл, жиырма жыл өтер, түбінде сол еңбегің өзіңе нәсіп болады. Жанымдағы әріптестеріме, шәкірттеріме "еңбек ешуақытта далада қалмайды" деп жиі айтамын. Мен оны өз тәжірибеме сүйенін айтып отырмын. Біз бұрын жұмыс жасаған кезде кім сатып алатынын ойламай-ақ, туындыны дайындап, коллекцияға жинай бердік. Түбінде сол еңбек далада қалған жоқ, талай жылдан соң өзімізге қуаныш сыйлады. Мысалы, менің зейнеткерлікке шыққаныма да біраз уақыт болды, күшімнің бар кезінде, жас кезімде шамамен 70-80 жұмыспен коллекция жасап алғанмын. Қазір адамдар сол жұмыстарға тапсырыс беріп сатып алады, бірақ кейбір туындыларды сатуға шығармай, көрме ашуға сақтап қойып жүрмін. Сондықтан жастарға еңбектің нәтижесін бүгін көрмедім деп шағымданбаңыздар, ол бір күні өздеріңізге бақыт әкеледі деп айтар едім.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

STOP.COVID

ТОЙҒА ТЫЙЫМ БОЛМАЙ ТҰР

Қармақшы ауданында күні бүгінге дейін коронавирус инфекциясын жұқтырған 467 жағдай тіркелген. Оның 304-і емделіп шығып, қалғаны әлі ем алуда. Тойға, отбасылық жиындарға тыйым салынғанымен кәсіпкерлер де, халық та құлақ асар емес. Қармақшыда аудан әкімінің өкімімен мониторингтік топ жыл басынан бері 346 рейд ұйымдастырылып, 1543 нысанды аралаған.

Жарқын ОМАРОВ

«Пандемия зардабын биыл да тартып жатырмыз. Карантиндік шектеулерді халықтың орындауы, сақтық жасауы маңызды екенін толық сезінеміз. Санитарлық-ағарту жұмыстарын тоқтатқан емеспіз. Әйтсе де ауданымызда жасырын тәртіп бұзушылыққа барған кәсіп иелері анықталуда. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 425 бабы бойынша 63 хаттама толтырылып, айыппұл салынды. Вирустың таралуы адам көп шоғырланған жерлерде өрши түсетінін жазып та, айтып та жатырмыз. Аудан бойынша «Ашық» жобасы бойынша QR код алған 74 нысан жұмыс істеуде. Өкінішке қарай, вирустың таралуы өтірік деп қарайтындар әлі де бар екен», – дейді аудан әкімінің орынбасары, мониторингтік топ үйлестірушісі Жарқын Омаров.

Шиелі ауданында да жағдай күрделі. Жыл басынан бері ауданда коронавирус инфекциясы нақтыланған 812 жағдай тіркелген. Оның 91-і – балалар. Бүгінде 125 науқас ауруханада емделуде, өкінішке қарай, 10 жерлесіміз қайтыс болды. Коронавируспа қарсы шараларды күшейту мақсатында ауданда 26 мониторингтік топ құрылған. Топ мүшелері карантин талабын бұзған 46 нысанға айыппұл салған. Әйтсе де бұл тәртіп түрі тұрғындарға жеңіл секілді. Айыппұл төлесек те, тойымызды өткерейік деген түсінік қалыптасқан. Шиелі ауданы әкімінің орынбасары, мониторингтік топтың үйлестірушісі Алмасбек Есмаханов халықтың немқұрайлылығына налып отыр.

Алмасбек ЕСМАХАНОВ

– Біз138 рейд жүргізіп, 620 нысан назарға ілікті. Бізді алаңдататын жағдай – әлі де болса той, отбасылық іс-шаралар тоқтамауда. Аудан тұрғындарының көпшілік орындарда қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Атамекен» ҰКП» Шиелі аудандық филиалымен бірлесіп, кәсіпкерлерді «Ashyq» жобасына тіркеу жұмыстары жүргізілуде. Әзірге 47 нысан енгізілді. Бүгінде ерікті кәсіпкерлер мен мекемелер есебінен «Ashyq» жобасына тіркелгендер саны – 239. Бұл бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табатын болады. Біз тәртіпті талап етуді тоқтаппаймыз. Әйтсе де әрбір тұрғын өзінің, жақындарының қоғамның өміріне жауапсыз қарамаса екен, – дейді А.Есмаханов.

Сырдариялықтар 2 348 185 теңге айыппұл өндіргенін жарыса жазып жатыр. Әйтсе де той өткізуге бұл әдіс те тоқтау бола алмады. Мониторингтік топ мүшелері Тереңөзек кентінің М.Мәметова көшесінде думанды тойдың «үстінен түсті». Қыз ұзату рәсімін ұйымдастырушылар карантин талабы бойынша жиын-той өткізуге рұқсат етілмегенін естісе де, рейдтік тексерістің келетінін күтпепті. Той иелері ақталып, қарсыласуға тырысқанымен мониторинг топ мүшелері қаулы талаптарын түсіндіріп, заң аясында шешім қабылдады. Сырдария ауданының әкімі Мұрат Ергешбаевтың тапсырмасына сәйкес қауіпті індетпен күрес жұмыстары ауданда күшейтілген. Бүгінде аудан бойынша 16 мониторинг топ құрылып, күнделікті жұмыс істеуде. Топ мүшелері жыл басынан бері 500-ден астам рейдтік тексеру жүргізіп, нәтижесінде карантин талабы бұзылған 47 іс анықталған. Рейд жүргізу барысында сақтық шарасын сақтамаған қоғамдық тамақтану, компьютерлік клуб, ас беру, көпқар тартқандарға да айыппұл салған. Заңды тұлға да, жеке тұлға да жауапкершілікті мойнымен арқалап, барлығы 2 348 185 теңге айыппұл өндіріліпті.

Алимаш МЫРЗАХМЕТОВА

– Санитарлық нормаларды сақтау – коронавируспен күресте маңызды шарт. Тұрғындарға карантин талаптары жергілікті газет пен әлеуметтік желідегі ресми парақшалар арқылы түсіндіріліп, насихатталуда. Алайда ортақ талапқа бағынғысы келмейтіндер көп. Мониторингтік топ мүшелері заң аясында шешім қабылдап, тағы бір той тарқатылды. Той иелерінен түсінік алынып, әкімшілік хаттама толтырылды. Айыппұл төлеу абырой емес. Өзіміздің және жақындарымыздың амандығы үшін оқшауланып, адам көп шоғырланатын аумақтарға бармау қажет. Ауданның кез келген тұрғыны мониторингтік топ мүшелеріне карантин талаптарының сақталмау дерегі бойынша ақпарат ұсына алады. Ақпарат ұсынушы туралы мәлімет құпия сақталады – дейді №2 мониторингтік топ жетекшісі Алимаш Мырзахметова.

Қазалыда аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі жанынан құрылған топтың рейд жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Рейд барысында жергілікті полиция, Әйтеке би кенті әкімдігінің қызметкерлері бірлесіп, 48 қоғамдық көлік және 16 такси жүргізушісіне карантин талаптарын қатаң сақтау жөнінде түсіндірме жұмысын жүргізіп, ескерту хатын таратқан.

Жалғас СҮЙЕУБАЕВ

– Адам көп жиналатын теміржол вокзалы, «Қазалы Керуен» автовокзалы, «Нұршуақ» және «Талап» автостанциялары келушілердің дене температурасын бақылауға арналған аспаптармен, антисептик құралдарымен қамтамасыз етілген. 22 шілдеден бастап мониторингтік топпен жүргізілетін алдын ала тіркеу және жүргізілген рейд нәтижелерін InfoKazakhstan платформасына тіркеу арқылы қызмет көрсетуші 16 тамақтандыру орны және 4 азық-түлік дүкеннің карантин талабын бұзғанын анықтадық. Мұның бәрі ең алдымен халықты аса қауіпті індеттен аман сақтап қалу үшін жасалып жатыр. Сондықтан осынау сын сағатта бәрімізге тастай жұмылып, алапат індетке қарсы бірігіп күресуден басқа амал жоқ, – дейді аудан әкімінің орынбасары, мониторингтік топтың жетекшісі Жалғас Сүйеубаев.

Жаңақорған ауданында мониторингтің топтың жұмысы қарқынды. 535 рет тексеруге шығып 1 295 нысанды нысанаға алыпты. Ауданда және ауылдарда 30 мониторингтік топ жұмыс істейді. Олар жыл басынан бері 49 карантин талабын бұзғандарды анықтап, бәріне айыппұл салған.

Дархан ТҰРСЫНБАЕВ

– Кординациялық орталықтан 17 іс келген. Бәрі де халыққа той ұйымдастырып берген кәсіп иелері. Мобильдік топпен 32 іс түсіп, 32 тұрғынға әкімшілік шара көрілді. Аудан бойынша 278 нысан «Ashyq» жобасына қосылған. Халықтың шоғырлануы дерттің таралуына әкелуде. Сондықтан рейдке жиі шығып, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп жатырмыз, – дейді Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары, мониторингтік топ жұмысын үйлестірушісі Дархан Тұрсынбаев.

Жалағашта тұрғындар ескертуге құлақ асып, жиынды тек ет жақындарымен үйлерінде өткізіп жатыр екен. Карантин талаптарының сақталуын бақылау мақсатында 15 мониторингтік топ құрылған. Олар нысандарды аралап, тәртіпті таразылап, 47 жеке тұлғаға әкімшілік айыппұл салған.

Бексұлтан ЕРМАХАН

– Қазіргі таңда біздің елімізде де коронавирустың таралуы мен түрленуі күннен күнге күрделеніп, қауіптілігі жоғары штаммдар таралып жатқанын хабардармыз. Аудан тұрғындары ауруды бастан өткеріп, қауіпті сезіне бастады. Өршіп кетпес үшін күн сайын карантиндік талаптарды қатаң сақтау туралы ақпараттар әлеуметтік желілерде, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты түрде жарияланып келеді. Халыққа түсіндіруден аянбай жатырмыз, – дейді аудан әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімінің бас инспекторы Бексұлтан Ермахан. Арал ауданында карантин талаптарын сақтамаған 26 кәсіпкерлік нысанға және дәстүрлі жиын-той жасаған 47 жеке тұлғаға хаттама толтырылған. Жалпы жыл басынан бері мобильдік топпен 832 рет рейд жүргізіліп, 547 нысан тексерілген. Мониторингтік топ аудан тұрғындарына карантиндік талаптарды қатаң сақтау, вакцина салдыру жұмыстарының маңыздылығы жөнінде түсіндірме жұмыстарын үздіксіз жүргізіп отырғанын айтты. Әр аптаның бейсенбі күні аудан әкімі С.Сермағамбетовтың төрағалығымен коронавирустық инфекцияға қарсы штаб отырысында өздері де саралайды екен.

Бектемір ЖҰМАҒҰЛОВ

– Карантин талаптарын сақтауды ескертіп жатырмыз. Кәсіпкерлер де халықтың денсаулығы маңызды екеніне түсіністік танытуы керек. Аудандық газет, әлеуметтік желідегі парақшалар арқылы санитарлық-ағарту жұмыстарын, ескертулер беріліп отыр. Дерт халық көп шоғырланатын орындарда тез таралатынын түсіндіріп, шоғырланбауға шақырып жатырмыз. Айыппұл да салынуда. Коронавируспен күрес – ортақ іс. Әрбір азамат жауапкершілік сезінуі керек, – дейді Арал ауданы әкімінің орынбасары, мониторингтік топ жетекшісі Бектемір Жұмағұлов.

Қызылорда қаласында да жасырын той жасаушылар азаймай тұр. Содан болар жыл басынан бері қалада коронавирус дертімен ауырғандардың саны 8551 адамға жетті. Жалпы Қызылорда қаласында санитариялық-эпидемияға қарсы талаптардың сақталуын бақылау бойынша құрылған 16 мониторингтік топ ауылдық округтерде 9, қалада 7 топ жұмыс істеуде.

Бектас НҰРИДИНОВ

– Кәсіп иелері де, тұрғындар да айыппұл салады-ау деп қорқып тұрған жоқ. Олар, ең бастысы вирустың таралуына себепші боламын деп ойласа екен. Ескерту алған тойхананың тығылып той жасағанын анықтадық. Барлығы 5720-дан астам нысанды араладық. Карантин талаптарын бұзған 256 нысанға шара көру үшін санитарлық эпидемиялогиялық басқармасына хабарлама жолданды. Тойханаларда 50 той, жеке үйде 35 басқосу өткен. Бұл тұрғындардың дертке әлі де немқұрайлы қарап отырғанын білдіреді, – дейді қала әкімінің орынбасары, мониторингтік топ жетекшісі Бектас Нұридинов.

Елдегі жағдайды бақылап отырған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Шектеулер мен тексеріс те тиімді болмай тұр. Үкіметке мониторингтік топтардың жұмысын реттеу тапсырылды. Мониторинг топтардың жұмысы кейде ашық емес сипатқа ие болып, бір мекемелер үнемі тексерілсе, кейбірі мүлдем тексерілмейді. Біз, ең алдымен, мына нәрсені түсінуімиз керек: халқымыздың денсаулығы мен материалдық игілігі жаппай вакцина салдыруды табысты өткізуімізге байланысты. Биыл – қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл. Бұл жыл пандемиямен күресте тубегейлі бетбұрыстың және коронавирустан біржола арылудың жылы болуға тиіс», – деді.

Сырдария ауданы айыппұл салудан алда келеді. Қазалылықтар карантин талаптарының қатаң сақталуын қадағалап жүр. Шиелілектер де шектеудің шегіне шықпауды қадағалауда ширақтық танытқан. Ал қаладағы мониторингтік топтың құрамына қосыла алмадық. Себебі кешкілік уақытта шығады екен. «Күндіз тойлар өтіп кетпей ме?» деген сауалымызға, қалалық ішкі саясат басшысы тойханаларда той кешке болуы мүмкін деп сендірді. Танымал әншілер мен асабалар қаламызға келгенін желі арқылы жариялауда. Тойға келгені анық. Тіпті бүгін қатысқан тойын «бұл архив» деп жариялайды. Тәртіп – талаптың бастауы, коронавирус – өмірдің қас жауы болып тұр бүгінде. Қаншама адам ажал құшуда. Жауапкершілік тәртіпті талап етуішіе де, халыққа да бірдей.

Бибосынов Сәкен Исмадияұлы, бокстан ұлттық құрама мүшесі, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері:

МЕНІ ЖАРЫС ЖОЛЫНА ШЫҒАРМАДЫ...

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Бибосынов Сәкен Исмадияұлы – боксшы, 1997 жылы дүниеге келген.
Барлығы – 31 жекпе-жек өткізіп, 22-сінде жеңіске жеткен.
Бокстан ұлттық құрама мүшесі, ҚР Еңбек сіңірген спорт шебері.
Биылғы жылдың спорттағы басты жетістігі – «Токио – 2020» олимпиадасы болғаны баршамызға белгілі. Ел намысын қорғаған 96 спортшының 8-і қола медальды қанжығасына байлады. Солардың бірі бокстан ең жеңіл салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен – Сәкен Бибосынов. Апта басында елге оралған сайыпқыраннан арнайы сұхбат алып, көңіл-күйімен бөліскен едік.

– Сәкен, Токиода жүлдегерлер қатарынан көрінуіңмен құттықтаймын. Алғашқы сауалды олимп шыңына шығуға не жетіспеді, сәттілік пе әлде өз бабыңызда бола алмадыңыз ба сол төңірегінде бастасақ...

– Әрине бізге қолдау көрсетіп, жанкүйер болған барша қазақстандықтарға алғысымды білдіргім келеді. Себебі әр жекпе-жектің алдында елдің ықпасы мені шабыттандырды. Жартылай финалға дейін жетуіме бірінші Алла себепкер болса, екінші жаттықтырушымның ақыл-кеңесі деп білемін. Бұл менің алғашқы Олимпиадам. Дайындық өз деңгейінде болды. Осыған дейін түрлі чемпионаттарға, Азия біріншіліктеріне қатыстым. Жалпы әр спортшы Токиодағы жарыс жолына қосылу үшін үлкен тер төкті. Оны мойындауымыз керек. Онай келетін олжаның қатарынан емес. 4 қарсыласпен қолғап түйістіріп, оның үшеуін тізе бүктірдім. Бірақ жартылай финалдағы өнерім барша қазақ елінің көңілінен шықса да, финалға жолдаманы ала алмадым. Екінішті, бірақ бұл менің соңғы жекпе-жегім емес. Сәттілік жетіспеді деп ойлаймын.

– Иә, төрткүл дүние көз тіккен байрақты бәсекеде төрешілердің әділетсіздігін көріп, біз де таң қалдық. Жарыстан кейін осы мәселеге қарсы ешқандай әрекет жасалмады ма?

– Бірінші раундта есе жібергенім рас. Бірақ одан кейін жеке бапкерім Мырзағали Айтжанов намысымды оятты. Менің артымда тек Олимпиада федерациясы емес күллі қазақ елі тұрғанын, халықтың үмітін ақтауды айтқанда, намысым оянып, жігерлендім. Бізге жарыс басталар тұста бас төреші ескерткен еді. Рингте төреші кімнің қолын көтерсе, сол жеңімпаз болады. Одан кейін ешқашан протест қабылданбайды, оны қайта қарауға мүмкіндік жоқ. Төрешілерге шағымдануға, іс-шара қабылдауға болмайтынын білген соң, осы жүлдеге қанағат тұтуға тура келді.

– Биылғы Олимпиада ойындары әлеуметтік желіде қызу талқыға түсіп, көптеген сыни пікірлер айтылып жатты. Әрине бірі мақтады, бірі даттады. Қаншама қаржыны желге ұшырды деп ренжігендер де болды. Жалпы қазақ елінің қолдауын қаншалықты сезіне алдыңыздар, әлде пандемия кері әсерін тигізді ме?

– Бақтияр Артаев ағамыз айтқандай, біздің 19 миллион бапкеріміз бар (күліп). "Біткен іске сыншы көп" деген секілді, сынаушы адамдардың болуы заңдылық. Бірақ өз басым Токио төрінде жүргенде жанкүйерлердің қолдауын жақсы сезіндім. «Сағаң үміт артып, жеңіс күтеміз» деген толассыз хаттар келіп жатты. Осы тұста барша менің қолдаушыларыма басымды иіп, алғысымды білдіргім келеді. Бізде барлық карантин талаптарын сақтай отырып жасаған жаттығуларымыз

еш тоқтаған емес. Әр оқу-жаттығу жиындарына тыңғылықты дайындалдық. Құрама команданың артында үлкен жауапкершілік болды. Бізге бұл жолы тек қола медаль бұйырған екен, оған өкпеміз жоқ. Барлық спортшылар ел үмітін әлі талай ақтайды деп ойлаймын.

– Сәкен, Азия біріншілігінде сізден ешкім медаль күтпеді. Токиоға дейін де аса көп көзге түспедіңіз. Бір күнде спорт жұлдызына айналу қандай екен?

– Олимп шыңына дейін үлкен кезеңдерден өттім. Көптеген оқу-жаттығулар, жарыстар болды. Куба еліне бардық, жақында Ресейде бірлескен оқу-жаттығу жиынына қатыстым. Германия, Испания, Сербиядағы барлық сайыстарда бақ сынадым. Азия біріншілігінде мен қола жүлдемен елге орағанда, көп сын айтылды. «Бұл бала Олимпиадаға барғанымен бірінші ұтылып қалады» дегендер болды. Бірақ мен өзіме сендім. Абай атамыздың ең керемет сөзі бар ғой, «Өзіңе сен өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген. Дәл сол секілді сенімділік маған күш сыйлады. Шаршы алаңға шыққан әр жекпе-жегімді соңғы ойыным деп түсінемін. Сол арқылы жеңіске бір қадам жақындаймын. Бар күшімді салып шаршы алаңда өнер көрсеттім. Қайтсемде елге жүлдемен ораламын деген мақсат болды. Күллі қазақ елі мені теледидардың ар жағында қолдау көрсетіп, тілеуімді тілеп отырғанда мен елдің туын ешқашан жықпаймын. Бір өкінішім бар, ол Әнұранымызды Токио төрінде шырқату еді. Ал жұлдыз болып, дәңдайсып кетуге отбасымдағы тәрбие жол бермейді. Біз қарапайым жаңұядан шыққан адамдармыз, тек жетістігіміз бізді елге танытып жатыр. Әрине мұның бәрі Алпаның, отбасымның және жеке бапкерімнің арқасы.

– «Сәкен кім, қандай отбасында дүниеге келді, спортқа қалай тап болды» деген заңды сауалға кезек берсек...

– Өзбекстан Республикасы, Бостандық ауданында дүниеге келдім. Ол жерде көбінесе елге қайту мақсатында Түркістан облысы, Сайрам ауданына қоныс аударды, Қазақстан азаматтығын алып, ел намысын асқақтатам деген бала арманым орындалып жатыр. Бала күнімде мен футболшы болғым келген. Бірақ ағам командалық ойында жеке жетістікке жету өте қиын екенін айтып, жаттығу залына алып келді. 13 жасымнан бастап сол залдан әлі шықпадым (күліп). Отбасымда анам және үш ағайындымыз. Мен үйдің кенжесімін.

– Ең алғашқы рингке шыққан кезіңіз есіңізде ме?

– Алғашқы жарысқа қатыса алмадым, мені жарыс жолына шығармады. Себебі жас аралығындағы болатын сайысқа менің салмағым жетпеді. Кішкентай кезімнен тым жеңіл болдым. Додаларға қатысушы үшін салмақ дәрежесі 34 келіден басталу керек болса, менікі бар болғаны 28 кг болды. Осылайша бірінші жарысқа қатыса алмай үйге жылап қайтқаным әлі есімде. Кейін біршама уақыт ешқандай жарыстарға қатыспадым, салмақ жиналған соң рингке шыға бастадым. Ең бірінші бәсекеде бірінші орын алып, қатты қуандым. Сол жарыста үш кездесу өткізіп, үшеуін де жарыс жолынан шығарғаным әлі есімде.

– Алдағы мақсат-жоспарыңыз қандай?

– Алда екі айдан соң әлем біріншілігі болады. Негізгі жоспарымда осы дода. Жеке бапкеріммен ақылдасып, тағы да нақты мақсаттар қоямыз. Әлем чемпионы болуға жұмыс істеймін, еңбек етемін. Бұйырса Парижде өтетін олимпиадаға да аз уақыт қалды. Оған да жаттығуды күшейту керек. Алтынмен елді қуантуға аянбай тер төгемін.

– Сұхбат беріп, жоспарыңызбен бөліскеніңізге рақмет. Байрақты бәсекелерде ел мерейін асқақтата беріңіз!

Сұхбаттасқан Майя ҚОЖАБАЙ

"ҚАЙСАР" ШИРЕК ФИНАЛДА

Қызылордалық «Қайсар» футболдан Olimpbet Қазақстан кубогының ширек финалына жолдама алды. Бұл мүмкіндікке қасқырлар топтық кезеңнің соңғы ойынында қол жеткізді.

Биыл кубок ойындары өзгеше форматта өткізілді. Премьер-лигада сынға түсіп жүрген он төрт клуб пен бірінші лиганың іріктеу кезеңінен іріктелмей өткен екі команда төрт топқа бөлінді. «Қайсар» С тобында «Астана», «Ақжайық» және «Ақтөбемен» ширек финалға берілетін екі жолдаманы сарапқа салды.

Кубок ойындарында "Қайсар" сәтті ойнап, жанкүйерлер қасқырлардың бірнеше жеңісіне куә болды. Алты ойынның үшеуінде жеңіске жетсе, екеуінде тең түсіп, біреуінде қарсыласына есе жіберді. Осылайша өз тобында 10 ұпаймен екінші орынға көтерілді. Көш басында – елордалық «Астана», олардың да еншісінде 10 ұпай бар.

Алтыншы турдағы «Ақжайықпен» кездесуге дейін аталған топта жарысты жалғастыруға үш команданың мүмкіндігі болды. «Қайсар» ширек финалға шығуы үшін міндетті түрде оралдық қарсыласын жеңуге тиіс еді. Ойынның алғашқы минуттарынан қызылордалық футболшылар қарсыластар қақпасы маңынан табылып, есеп ашатын бірнеше мүмкіндікті жіберіп алды.

Ойынның 25-минутында қызылордалық Арман Кеңесов алаңның орталық бөлігінде бірнеше қарсыласын алдап өтіп, алыстан шірене тепкен добы «Ақжайық» қақпасында тулап жатты. Бұдан кейін оралдық футболшылар таразы басын теңестіруге ұмтылған еді. Алайда, өздерінің қақпасына екінші голды соқтырып алды. Оны 38 минутта Елжас Алтынбеков еншісіне жазды.

Жолдаманың қолдан сусып бара жатқанын ұққан «Ақжайық» ойыншылары екінші кезең басталғаннан толассыз шабуылдар ұйымдастырды. Қызылордалық қорғаушылар лайықты тойтарыс берді. Кейбір сәтте «Қайсардың» қақпашысы Марсель Исламқұловтың шеберлігі көзге түсті.

Ойынның бітуіне сананулы уақыт қалғанда тепкен доп өздерінің айып алаңында «Ақжайық» қорғаушысының қолына тиді. Төреші ойланбастан пенальти белгілеп, оны қызылордалық клубтың жартылай қорғаушысы Кларенс Битанг шебер орындады.

Осылайша кездесуде «Қайсар» қарсыласын 3:0 есебімен тізе бүктіріп, ширек финалға берілетін жолдаманы иеленді. Енді жерлестеріміз жарыстың аталған сатысында Алматының «Қайрат» командасымен шеберлік байқасады. Ширек финалдың алғашқы ойыны 22 қыркүйекте белгіленсе, қарымта кездесу 27 қазанда өтеді.

СПОРТШЫЛАР СЫЙАҚЫСЫН ҚАЙДА ЖҰМСАЙДЫ?

Бокстан Токио Олимпиадасының қола жүлдегерлері Қамшыбек Қоңқабаев пен Сәкен Бибосынов мемлекеттік сыйақыны қайырымдылыққа жұмсайтынын жеткізді.

Кеше Қазақстан бокс федерациясы олимпиадалық команданы марапаттау мақсатында баспасөз мәслихатын өткізді. Федерациясының басшылығы спортшылар мен жаттықтырушыларды ақшалай сыйақымен марапаттап, Олимпиадаға қатысқан басқа да боксшыларға бағалы сыйлықтар табыстады.

Айта кетейік, Олимпиада ойындарында қола жүлде алған спортшыларға осыған дейін 75 мың доллар сыйақы берілді. Бұған дейін еркін күрестен Токио Олимпиадасының қола жүлдегері, балуан Нұрислам Санаев та мемлекеттік сыйақының қайырымдылыққа жұмсайтынын айтқан болатын.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

Айдос СӘДІРОВ,

Тәуелсіздіктің орны қашанда бөлек

Айдос Сәдіров – белсенді жастың бірі. Ол бүгінде облыстық жастар ресурстық орталығында жастарды жұмыспен қамту және кәсіпкерлікке баулу бөлімінің кеңесшісі. Мұның алдында Қызылорда қаласының «Қайсар» командасына қолдау көрсетер «Жастар фанклубының» құрылтайшысы және ұйымдастырушысы, Қызылорда облыстық «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының жетекшісі, «Жас құрылысшылар» еңбек жасағының жоба үйлестірушісі, облыстық "Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің маманы, "Қызылорда облысының жастар одақтары" қоғамдық бірлестігінің жоба үйлестірушісі қызметтерін атқарған. Кейіпкеріміздің Тәуелсіздікке қатысты ой-толғамын оқырманға ұсынуды жөн көрдік.

АТА-БАБАМЫЗДЫҢ АРМАНЫ

Егемен еліміз 16 желтоқсанда салтанатты жағдайда Ұлттық мереке — Тәуелсіздік күнін атап өтеді. Қазақстандықтар алмағайып өтпелі кезеңнің барлық қиындықтарын жеңіп, әлемдік сахнаға көтерілді. Ел жастарының басын бәйгеге тігіп, бодандық құрсауынан шығуға ұмтылған қыршын ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Меніңше республикамыздың табыстарына барлық адамдар сүбелі үлес қосып келеді. Ұрпақтарының ырысы ортаймасын, намысы тапталмасын деп көксеген ата-бабамыздың арманы орындалған осы шақта баршаңызға бақыт, байлық, береке тілеймін. Еліміздің ертеңі жолындағы еңбегіміз жана берсін!

ТӘУЕЛСІЗДІКТІ МАҚТАН ТҰТАМЫЗ

Желтоқсанның екпінімен келген Тәуелсіздіктің біз үшін орны қашанда бөлек. Сондықтан «толарсақтан саз кешкен» батыр бабалардың әр жылда төгілген қанының, ұлы мұраттар жолында құрбан болған асыл азаматтардың асқақ арманының, сәбиін білегімен, даласын жүрегімен тербеткен аналардың көз жасының, Жаратқаннан тілеген медетінің арқасында қол жеткізген Тәуелсіздікті біз әрқашан мақтан тұтып, қастерлей білуге тиістіміз. Біле білсек, бұл біздің азаматтық парызымыз, адамдық борышымыз. Еуразия жүрегінде, өркениеттің ұштасқан орталығында талай ұлт пен ұлыстың құтты мекеніне айналған ұлы далада азат елдің азаматы атанғаннан асқан бақыт жоқ. Тәуелсіздіктің тал бесігінде тербеліп, қыран құсы қалықтаған көк аспанымыздың астында баянды да бақытты ғұмыр кешуімізге тілектеспін.

ПАТИРОТ ОТБАСЫН ЖАҚСЫ КӨРУДЕН БАСТАЛАДЫ

Патриот – ұлтын сүйетін, өз тарихын, туған тілін құрметтейтін, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан салт-дәстүрін дәріптейтін, ұлттық қадір-қасиетімізді арттыруға үлес қосатын саналы тұлға. Туған елі үшін үнемі тер төге қызмет етіп, халқымыздың мол рухани құндылықтарын бағалай білетін асыл тұлға. Патриоттық тәрбие, ең алдымен, әрбір жеке тұлғаның ата-анасын, туған-туыстарын жақсы көруден басталады емес пе?! Өз баласына жақсы тәрбие беру кез келген адамның міндеті, мейлі ол мұғалім, мейлі ол жұмысшы, дәрігер, не тағы басқа маман иесі болсын қоғамда парасатты, адамгершілігі жоғары бала тәрбиелеу кез келген адамның міндеті болуға тиіс. Тату тірлік пен ауызбіршілігі қанатын кең жайғанда адамгершілік атты асыл қасиеттің адам бойына нық қонатынына, әрине, еш шүбә жоқ. Абай атамыз айтқандай, бүгінгі жастардың дүниенің кетігін тауып, қалануды көздеу, қоғамдық өмірден қол үзбей, өз елін сүюге, өз елінің тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, әдет-ғұрпын білуге тәрбиелеу зор міндеттердің бірі деп ойлаймын. Осы тәрбиенің ең маңыздысы – балаға патриоттық тәрбие беру.

JULDYZ – JORAMAL

(19 - 25 тамыз)

Тоқты
Іштыстыраралық апта. Бастығыңыз көп тапсырма беріп, оның орындалуын мұқият қадағалайтын болады. Тапсырманы жауапкершілікпен атқара білініз.

Торпақ
Отбасылық мәселелер туындап, сіз оларға мән бермеуге тырысасыз. Алайда шыдамыңыз таусылып, оларды шешуді қолға алуды жөн санайсыз.

Егіз
Нақты бір іске қаржы салсаңыз, пайдаға кенелесіз. Бірақ ендігі алдымен серіктесіңіздің сенімді болуын қадағалаңыз. Күмәнді іске ақша салмаңыз.

Шаян
Сүйіктініңізге деген махаббатыңыз арта түседі. Дәл қазіргі сәтте сүйікті адамыңыз моральды және материалды тұрғыдан қолдауды қажет етеді.

Арыстан
Керемет апта. Мақсатыңызға бір табан жақындайсыз. Достарыңыз көмек көрсетеді. Жақын туыстарыңыз сізбен мақтанады.

Бикеш
Ерлі-зайыптылар арасында өзгелерге елікпеушілік пайда болады. Бірақ көп ұзамай бәрінен шаршап, қалпыңызға түсесіз.

Таразы
Көңіл-күйіңіз құбылмалы болады. Көңілшектігіңіз ұстап, көңіліңіз босайды. Ұстамды болыңыз. Сонымен қатар қарыздардан тез арада құтылуға тырысыңыз.

Сарышаян
Стратегиялық жоспар құруға қолайлы апта. Алдағы күндеріңізді жоспарлап, мақсатыңызға қарай бет аласыз. Тұрапап қалған жұмыстарды аяқтайсыз.

Мерген
Қызықты апта болмақ. Отбасы – сіздің бар байлығыңыз. Қызықты отбасылық мерекеге ұйымдастырасыз. Бірақ біреумен әзілдесуде абай болыңыз.

Тауешкі
Күш-қуатыңыз азайып, иммунитетіңіз төмендейді. Сонын салдарынан аздап сырқатанып қалуыңыз да мүмкін. Дерттің алдын алу үшін спортпен шұғылданыңыз.

Сүкүйғыш
Егер жұмысыңыз қаржымен тығыз байланысты болса, онда осы аптада қызықтар ұсыныстар қорықпаңыз. Қайта білек сыбана кірісіңіз.

Балық
Өзініңізді жеңіп сезініп, барлық істі тез атқарасыз. Сонымен қатар жаныңыздағы жандармен де тез тіл табысасыз. Апта сіз үшін қолайлы болады.

Кезекші редактор: Е.ШӘРІБЕК

ПЛАСТИКАЛЫҚ КАРТАЛАР ҚАШАН ҚОЛДАНЫСТАН ШЫҒАДЫ?

Бұл сұраққа жауап беру үшін сіз электронды әмияндар кеңінен танылған елдердің мысалында, олардың танымалдылығының себептерін жете ұғынуыңыз керек.

Үндістан мен Кенияда адамдар электронды әмияндарға жүгінді, өйткені қаржылық сауаттылық деңгейі мен банктерге деген сенімі төмен. Адамдарға шот ашуды және банкке жүгінуді талап етпейтін электрондық әмияны рәсімдеу оңайырақ әрі түсінікті. Арзан смартфондар мен қолжетімді интернет әмияны пайдалану арқылы қаржылық операцияларды ыңғайлы етеді. Смартфон интернетке қолжетімділікті өзі атқаратын болғандықтан, көптеген адамдарға компьютер мүлде қажет емес.

IT-әзірлеушілер электронды әмияндардың айналасында экожүйелер құра отырып, арзан смартфонның кемшілігін, жады көлемінің аздығын айналып өтті. Демек, бәрі де адамның өз қолында, бір телефонның ішінде. Қосымшаның көмегімен тауар мен қызметке ақы төлеуге, аударым жасауға және басқа да қаржылық мәселелерді шешуге болады. Бұл ретте карта қажет емес. QR-код бойынша немесе NFC көмегімен жанасусыз төлем әдістері тіпті дүкенде де төлем жасау үшін пластиктің болуын талап етпейді.

Пластикалық карталарға қарағанда, электрондық әмияндар жете дамыған елдің тағы бірі – Қытай. Қытай санаулы ғана жылдар ішінде дамушы елдердің қатарынан озық елдердің қатарына дейінгі жолды жүріп өтті. Банк жүйесі экономиканың дамуына үлгере алмады, сондықтан Қытайда пластикалық карталардың жаппай таралу кезеңі болған жоқ. Адамдар бірден электронды төлем құралдарына көшті. Технологиялардың дамуы бұл үдерісті құлшындырып жіберді. Егер бәрі телефонның ішінде болса, карталар салынған әмияны қоса алып жүрудің керегі не?

Бұл факторлар Қазақстанға бір мезгілде әсер еткен жоқ, сондықтан электрондық әмияннның дамуы нашар жүрді. Пластикалық карталарды енгізе отырып, тауашаны банктер иеленді.

Алайда еліміздегі қалаларда бұрмалануі бар карталардың кездесуі байқалып отыр. Бүкіл еліміз бойынша смартфон мен интернет қолжетімді болған жағдайда ғана ауылдық елді мекендер электрондық төлем құралдарын дамытудың драйвері бола алады.

Қазіргі уақытта электронды әмияндар нарықтың маңызды бөлігін пластикалық карталардан алады деп айтуға болмайды. Бұл толығымен алғанда, қаржылық сауаттылықты арттыру және жалпы қаржы жүйесін дамыту құралы.

Электрондық төлем құралдары 100 млн теңгені құрады. Салыстыратын болсақ: қолма-қол ақшасыз төлемдер мен ақша аударымдарының көлемі 3,9 трлн теңгені құрады.

AituPay төлем жүйесінің басшысы Арслан Ибрагимов жағдайға түсініктеме берді: «Біздің елімізде көптеген адамдардың банк карталарын пайдалана алмайтынын түсіну қажет. Түрлі себептер бойынша: жабылмаған кредиттердің болуы, қаржылық инфрақұрылымның болмауы немесе банк инфрақұрылымына кіру кедергісінің жоғарылығы. Бұл – біздің онлайн-төлем жасау құралын беретін үлкен аудиториямыз».

Қазіргі уақытта банктер клиенттерге толыққанды қаржы сервисін ұсынады. Банк қосымшасы немесе жеке кабинет арқылы қызметтерге ақы төлеуге немесе аударым жасауға болады. Банк картасынан жалақы алуға, достар мен туыстардан аударымдар алуға, сондай-ақ онлайн қарыздар алуға болады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, электронды әмияндардың пайдасына пластиктен бас тартуға әзірше еш негіз жоқ.

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің тұпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU басна үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Айжан АБДУЛЛАЕВА

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8517
Тапсырыс: 1204